



ҚАЗАҚСТАН МЕН РЕСЕЙ ПРЕЗИДЕНТТЕРІ БЕЙРЕСМИ КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:
– Құрметті Владимир Владимирович, ең алдымен, Мәскеуге, осынау қасиетті жерге табаным тиген сәттен бастап көрсетілген ерекше сый-құрмет үшін Сізге ризашылығымды білдіремін. Жаңа ғана протокол аспектілері жөнінде айтылды. Шын мәнінде, Ресей астанасындағы

ыстық ықылас мені қатты таңғалдырды әрі қуантты. Екіжақты ынтымақтастық стратегиялық серіктестік, одақтастық қатынастар сипатына ие. Барлық бағытта бірлесе жұмыс атқарып келеміз. Мемлекеттеріміз арасында ешқандай түйткіл жоқ. Мәселе туындаған күннің өзінде президенттер мен үкіметтер

басшыларының күш-жігері арқасында оң шешімін тапты. Сіздің шақыруыңызды зор ықыласпен қабыл алдым. Расында, бүгін бейресми жағдайда пікір алмасамыз. Менің Өзіңізбен талқылағым келетін біраз пікір-пайымым бар.

Владимир ПУТИН:
– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, ең алдымен, Сізге уақыт тауып, келіскеніміздей, мемлекеттік сапармен келгеніңіз үшін алғыс айтамын. Бұған шын жүректен қуаныштымын. Әрине, біз ұдайы байланыстамыз. Алайда мемлекетаралық қатынастарда мұндай протоколдық дүниелер де маңызды. Бүгін бейресми жағдайда кездесіп, барлық өзекті мәселе бойынша әңгімелесеміз. Ал ертең әріптестермен бірге екіжақты қарым-қатынастың күн тәртібін қарастырамыз және перспективті бағыттарға назар аударамыз. Жалпы алғанда, біз осы жылды өте жақсы нәтижелермен аяқтаймыз, сондай-ақ таяу келешекке арналған жоспарды орындаймыз деп ойлаймын.

akorda.kz

ПРЕЗИДЕНТ МӘСКЕУ МЕМЛЕКЕТТІК ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ИНСТИТУТЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІМЕН ӘҢГІМЕЛЕСТІ



Студенттер
Мемлекет басшысына қазақша тіл қатты. Олар Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың кітаптарында көрініс тапқан дипломатия мен ашықтық қағидалары Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтында үлгі

ретінде оқытылатынын жеткізді.

Сонымен қатар жастар Абай Құнанбайұлы шығармашылығына зор қызығушылықпен қарайтынын айтты.

– Ақынның «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген достық туралы ой орамдары өте ерекше. Ресей мен Қазақстан – мәңгілік достықтың қос қанаты деп есептейміз. Екі елді, екі халықты риясыз, шынайы достық қарым-қатынас байланыстырады, – деді жастар.

Мемлекет басшысы студенттердің қазақ тілін үйренуге деген ынтыласына жоғары баға беріп, оларға сәттілік тіледі.

– Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институты – өте беделді жоғары оқу орны. Бүкіл әлемге танымал. Қазақстан бүгінде дербес мемлекет. Менің ойымша, Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтында алған білімдеріңіз болашақта мол пайдасын тигізеді. Өйткені түрлі елдер туралы, оның ішінде Ресейдің бұрыннан келе жатқан одақтасы Қазақстан жайында көп мағлұмат білу Сіздерге кейін жұмысқа орналасуға, сондай-ақ әлемде және өңірлік деңгейде бәсекеге қабілетті маман болуға көмектеседі, – деді Президент.

akorda.kz

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНА 330,3 МЛРД ТЕНГЕ ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТЫЛДЫ

Жетісу облысы халықаралық серіктестік аясын кеңейтіп жатыр. Қазіргі кезде өңірдің инвестициялық әлеуетін арттырудың арқасында Сауд Арабиясы, Германия, Бельгия, Чили, ҚХР, Иордания, Пәкістан елдерінің инвесторларымен ынтымақтастық орнатылуда. Жалпы, жыл басынан бері облыс экономикасына 330,3 млрд теңге инвестиция құйылды. Соның 35 млрд. теңгеге жуығы – шетелдік инвесторлардың тікелей инвестициясы, бұл өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғандағы көрсеткіштен 3 есеге артық, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының мәліметіне қарағанда, бүгінгі күнге өңірде құны 2,9 трлн теңге болатын, 13 мың жұмыс орны құрылатын 110 жобадан тұратын инвестициялық пул құрылған. Олардың ішінде ірілерін атап өтсек, «Шоғырландырылған тау-кен құрылыс комбинаты» компаниясының 2 мың жұмыс орнын құратын металлургия комбинаты салынууда. Сол сияқты «Қорғас – Шығыс қақпасы» еркін экономикалық аймағында германиялық «Skyhansa» компаниясымен бірлесіп, халықаралық әуежайдың құрылысы қолға алынды. Бұл әуежай жобасында сағатына 500 адамға дейін жолаушы өткізетін терминал салу, 50 мың тонна жүк айналымы мүмкіндігі қарастырылған, сонымен қатар туристік және сауда-ойын-сауық бағытын дамытуға ықпал етпек.

Ал өндіріс және өңдеу салаларында Чили, Пәкістан, ҚХР, Қырғызстан инвесторларының қатысуымен тегістегіш болат шар, газ-бетон блоктарын, еден жабындарын өндіретін зауыттар мен ұн тарту кешені іске қосылады деп жоспарланған.

Баламалы энергия көздері саласының да әлеуеті зор. Бұл саланы дамытуға өңірде күн, жел және тау өзендерінің суы сияқты қажетті табиғи жағдайлар жеткілікті. Атап өтсек, бүгінде Жетісу облысында жалпы қуаттылығы 251 МВт-

тан асатын 18 жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) нысаны жұмыс істеп тұр. Быыл Ескелді ауданындағы Қора өзенінде қуаттылығы 26 МВт болатын Қора су электр станциясы іске қосылды. Сонымен қатар энергетика және жаңартылатын энергия көздері саласында бірқатар жаңа инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда. Олардың қатарында «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА-да жел генераторлары мен энергия сақтау жүйелеріне арналған жабдық өндіретін зауыттың құрылысы, сондай-ақ Қербұлақ ауданында қуаттылығы 110 МВт болатын күн электр станциясының жобасы бар.

– Жетісу облысының инвестициялық саясаты халықаралық әріптестікті тереңдетуге, экспорттық әлеуеті бар өндірістерді дамытуға және экономиканы әртараптандыруға бағытталған. Жалпы өңірде бес стратегиялық бағыт – агроөнеркәсіптік кешенді дамыту, көлік, логистика, туризм, баламалы энергетика және өнеркәсіп бойынша жұмыс жүргізілуде. Жетісу – Қытаймен шекарасында бес кеден бекеті бар республикадағы жалғыз өңір. Сонымен қатар біздің аймақ арқылы Қытайдан Еуропаға жүк небәрі 10 күнде жеткізілетін «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» транскүрлықтық автодөлізі өтеді. Географиялық артықшылықты тиімді пайдаланып, халықаралық әріптестікті кеңейту арқылы біз Бельгия, Германия, Чили, Пәкістан, Сауд Арабиясы, Иордания сияқты алыс шетелдердің ірі инвесторлармен жұмысты табысты жүргізіп келеміз. Мұның бәрі өңір экономикасына инвестиция тартуға, жаңа өндірістер ашып, жұмыс орындарын құруға, өңір үшін басым секторларда ұзақ мерзімді әріптестік байланыстар орнатуға мүмкіндік береді, – деді Жетісу облысы әкімінің орынбасары Әсет Қанағатов.

Сол сияқты биыл құны 50,6 млрд



теңге болатын 25 инвестициялық жоба қолға алынған, соның ішінде өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және энергетика салаларына қатысты 10 жоба жүзеге асырылды. Олардың қатарында өндірістік «Қайнар-АКБ» зауытының аккумуляторлар шығаратын жаңа желісі, керамикалық плиталар шығаратын «Алмаз Керамикс» ЖШС-ның өндірісін кеңейту және басқа да жобалар бар.

– Біздің зауыт облыстағы ең ірі, жүйеқұраушы кәсіпорынның бірі. Мұнда 1200 адам жұмыс істейді. Зауыттың Талдықорған қаласы өнеркәсібіндегі үлесі 33,6% құрап отыр. Мұнда жеңіл және жүк автокөліктерінде, ауыл шаруашылығында, әскери техникада т.б. салаларда қолданылатын аккумулятор батареяларының 50-ден астам түрі шығарылады. Оған қоса жуырда зауыттың резервте қуат беруге арналған үшінші өндірістік учаскесін іске қостық. Жаңа цехтарда жұмыс істейтіндер саны 150 адамға жеткізіледі, – дейді «Қайнар-АКБ» зауытының бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Талғат Қонақбаев.

Атап өтсек, жыл соңына дейін облысқа тартылатын инвестиция көлемі 573 млрд теңгеге жетеді деп жоспарланған, соның 430 млрд теңгесі бюджеттен тыс инвестиция болмақ.

Фотографтар: Дмитрий Ерофеев, Жеңіс Ысқабай, сол сияқты фотосуреттер облыс әкімі баспасөз қызметінің архивінен алынды

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

МӘСКЕУДЕ «ҚАЗАҚСТАН МЕН РЕСЕЙ ДОСТЫҒЫ» СКВЕРІ АШЫЛДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ресей Федерациясына мемлекеттік сапары аясында Мәскеу қаласында «Қазақстан мен Ресей достығы» скверінің ашылу салтанаты өтті. Жаңа саябақ Мәскеудің Оңтүстік әкімшілік округінде, «Алма-Атинская» станциясының маңында орналасқан.



Салтанатты іс-шараға ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, РФ Федералдық Жиналысы Федерация Кеңесі Төрағасының бірінші орынбасары Андрей Яцкин, дипломатиялық корпус өкілдері, сондай-ақ Ресей мен Қазақстанның танымал мәдениет және өнер қайраткерлері қатысты.

«Ресей мен Қазақстан халықтарының достығына арналған тамаша сквердің ашылу рәсіміне қатысу – мен үшін зор мәртебе. Ізгі жоба Мәскеу қаласы үкіметінің бастамасымен қолға алынып, Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрлігі қолдауымен жүзеге асып отыр. Бұл – екі ел арасындағы стратегиялық әріптестік пен тату көршілік қатынастардың жоғары деңгейін көрсетеді.

Сквердің Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тарихи мемлекеттік сапары қарсаңында ашылып отырғаны да ерекше мәнге ие. Әрине, Мәскеуде де, Ресейдің басқа аймақтарында да, Қазақстанда да осындай қоғамдық орындар аз емес. Дегенмен, олардың көбірек болғаны игі, себебі мұндай нысандар екі ел арасындағы дәстүрлі достық пен ұрпақтар сабақтастығын айғақтай түседі», – деді Андрей Яцкин.

Іс-шара барысында Аида Балаева Ресей мен Қазақстанды ғасырлар бойы қалыптасқан тату көршілік дәстүрлері мен ортақ рухани құндылықтарға негізделген берік байланыс біріктіретінін айтты.

Бұл байланысқа тарихи тереңде жатқан мәдени ынтымақтастықтың үздіксіз дамуы негізгі тірек болып отыр. Министрдің пікірінше, мәдениет екі ел үшін де ағартушылыққа, ұлттық болмыс пен бірлікке бастайтын «рухани көпірге» айналды. Ол өз сөзінде осы жыл да халықтар арасындағы мәдени және шығармашылық байланыстардың мызғымас дәстүрге және бай мазмұнға ие екенін тағы бір мәрте дәлелдегенін атап өтті.

Айта кету керек, биылғы мамыр айында Астанада «Қазақстан мен Ресейдің Мәңгілік достығы» аллеясы ашылған болатын.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі

«БІР АУЫЛ - БІР ӨНІМ»: ЖЕТІСУЛЫҚ ТҰРҒЫН САУМАЛДАН БАЛМҰЗДАҚ ӨНДІРЕ БАСТАДЫ



Жетісу облысында үш баланың ана-сы, 25 жылдан бері үй жағдайында сүт өнімдерін өңдеумен айналысатын жас кәсіпкер саумалдан балмұздақ өндіре бастады. Ол өз тауарын «Бір ауыл – бір өнім» көрмесінде таныстырған, енді кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың біріне қатысу арқылы өндіріс процесін автоматтандыруды жоспарлап отыр, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Сарқан ауданы Сарқан қаласының тұрғыны Райгүл Закарияқызына үй жағдайында балмұздақ өндіру туралы ойды алғаш кенже ұлы айтқан екен. Бие сүтінің емдік қасиеттерін ескере отырып, ол балмұздақ жасауға саумалды пайдаланғанды жөн көрген. Сөйтіп балмұздақтың құрамына үйдің қаймағы мен бал қосып, өз рецепті

жасап шықты. Отбасы мүшелері оның дәмін жоғары бағалап, бұл Райгүлді өнімін одан әрі жетілдіруге ынталандырылды.

– Отбасында үш ұл тәрбиелеп отырмыз. Тұрмысқа шыққан соң жұбайым екеуміз мал шаруашылығымен айналыстық. Бұл саланың қыр-сырын меңгеріп, жұмыс істеп жүргеніме шамамен 25 жыл болды. Әрине, еңбегі ауыр. Жаз айларында таңғы сағат 3 жарымнан, қыста 5-тен тұрамыз. Сиыр, бие ұстаймыз. Жолдасым мал күтімімен, ал мен сүттен тағам жасау жұмыстарымен айналысамын. Құрт, май, қымыз және басқа да өнімдер дайындаймын. Оларды жергілікті тұрғындар жақсы алады. Ал жаз мезгілінде тіпті Алматы, Астана, Атырау қалаларынан да келіп, емдік саумал ішетіндер бар. Ал кейінгі кезде кенже балам балмұздақты қатты жақсы көретіндіктен, мен балмұздақты үй жағдайында жасап көруге бел будым, – дейді Райгүл Закарияқызы.

Сөйтіп осы таппынысының нәтижесінде жасанды қоспа мен бояусыз, ұлттық тамақтану ерекшеліктерін ескере отырып дайындалған пайдалы әрі дәмді балмұздақ алынды.

– Ежелден ата-бабаларымыз бие сүтінің жоғары емдік қасиетін жақсы білген. Сондықтан оны балалар тағамында пайдалану орынды деп есептеймін. Алайда саумалдан балмұздақты қолдан дайындауға өте ұзақ уақыт кетеді екен. Әр жарты сағат сайын инередиенттерді жақсылап араластырып, сосын салқындатып қойып, толық қоюланғанша қайта-қайта араластырып отыру керек, содан кейін ғана 4 сағатқа тоңазытқышқа қоямыз. Сол себепті әзірге балмұздақты тек отбасым үшін ғана жасап жүрмін. Ал өндірісті кеңейту үшін маған арнайы жабдық керек, сондықтан мен бизнеске қолдау көрсететін мемлекеттік бағдарламалардың біріне қатыссам деп отырмын. Оған қоса «Бір ауыл – бір өнім» жобасының жартылай финалсi атандым. Келесі жылдан бастап осы жоба аясында менің жаңа өнімімді дамытуға қолдау көрсетіледі, – деді жас кәсіпкер.

Жетісу облысының Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығының мәліметіне қарағанда, бұл жоба оны іске асырудың барлық кезеңдерінде толық сүйемелденеді. Оған маркетинг негіздері, қаржылық сауаттылық және жалпы кәсіп жүргізу қағидааттары бойынша оқыту да кіреді.

– Райгүл Закарияқызының өнімі жоғары сапалы. Қаңтар айынан бастап біз оның өнімін сертификаттау жұмысын бастаймыз. Кейін қаптамасын әзірлеумен қатар, кәсіпкердің білімін арттыру бағытында да бірлесе жұмыс істейтін боламыз. Біздің басты мақсатымыз – үй жағдайында жасалатын өндірісті нарыққа шығару. Мысалы, «Бір ауыл – бір өнім» жобасының финалсiстері де бастапқыда Райгүл секілді өз ісін шағын көлемде бастаған. Қазір олар өз өнімдерінің түрлерін көбейтіп, жергілікті дүкендерге, сондай-ақ Алматы қаласына да шығарып отыр. Біз оларға жеке бренд қалыптастыруға көмектестік деп айта аламыз. Мысалы, Көксу ауданында бал және басқа да ара шаруашылығы өнімдерін дайындайтын кәсіпкер әйел, сол сияқты әжелеріміздің көне рецепті бойынша ашытқысыз нан пісіретін ақсулық тұрғын, осындай табысты мысалдар көп. Біздің облыс тұрғындары еңбекқор, үнемі дамуға ұмтылады. Ал біздің мақсатымыз – олардың идеяларын нақты, тұрақты табыс әкелетін бизнеске айналдыруға қолдау көрсету, – деді облыстық Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығының менторы Светлана Оңғарбаева.

Атап өтсек, биылғы жылдың 1 қазанындағы мәлімет бойынша, Жетісу облысында 62 740-тан астам белсенді шағын және орта бизнес субъектісі тіркелген, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 4,3%-ға көп. Сонымен қатар «Бір ауыл – бір өнім» жобасы іске асырыла басталғалы бері 9 финалист мемлекеттік грант иегері атанып, жалпы сомасы 45 миллион теңге көлемінде қолдау алған. Жалпы биылғы жылы өңірде шағын және орта бизнесті қолдау бағдарламалары аясында субсидиялар, кепілдіктер және гранттар беру арқылы түрлі 111 жоба қаржыландырылған.

Фотографтар: Жұмабай Мұсабеков, Дмитрий Ерофеев

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

ТАЗА ОРТА – САЛАУАТТЫ ӨМІРДІҢ КЕПІЛІ



Қазақстанның көрікті аймақтарының бірі – Ескелді ауданы. Бұл аудан табиғатының әсемдігімен, еңбекқор халқының мәдениетімен және экологиялық тазалығымен ерекшеленеді. Қазіргі заманда қоршаған ортаны қорғау, экологиялық тепе-теңдікті сақтау аса маңызды. Осындай игі істердің үлгісін Ескелді жерінен көруге болады.

Ескелді ауданының табиғаты көз тартарлық. Мұнда таулар мен жазықтар, өзендер мен тоғайлар үйлесім тауып жатыр. Таза ауа мен табиғи көрініс бұл аймақтың басты байлығы болып саналады. Таңертеңгі салқын самал мен таудан соққан жел адамға ерекше сергектік пен қуат береді.

Аудан экологиялық жағынан таза өңірлердің бірі. Мұнда ірі өндіріс орындары аз болғандықтан, табиғи орта бұзылмаған. Тұрғындар таза ауаның қадірін жақсы біледі және оны сақтау үшін қолдан келгеннің бәрін істейді. Жыл сайын көктем мен күз мезгілдерінде ағаш егу, жасыл белдеу құру, табиғатты қорғау акциялары өткізіледі.

Ескелді ауданында «Таза аула – таза қоғам» деген ұғым ерекше мәнге ие. Әрбір ауылда тұрғындар өз үйлерінің айналасын тазалап, гүл мен ағаш отырғызуды дәстүрге айналдырған. Көптеген ауылдарда «Үлгілі аула», «Көрікті көше», «Жасыл ауыл» сияқты байқаулар ұйымдастырылып, тұрғындар белсене қатысады. Бұл шаралар тек тазалық үшін емес, адамдардың бойында табиғатқа деген құрмет пен жерге деген сүйіспеншілікті қалыптастырады. Әрбір таза аула – туған жердің көркін арттырып, ауданның жалпы мәдени деңгейін көтереді. Ескелді ауданында экологиялық мәдениетке ерекше назар аударылады. Мектептерде, балабақшаларда және мәдениет үйлерінде экологиялық тәрбиеге арналған іс-шаралар жиі өткізіледі. Балалар мен жастар табиғатты қорғауға, өз ауылдарын көркейтуге атсалысады. Мысалы, мектеп оқушылары мен жастар ұйымдары «Бір тал кессен, он тал екі!», «Туған жерге – таза жүрек!», «Жасыл ел» сияқты бағдарламаларға қатысады. Бұл бастамалар жас ұрпақтың бойында жауапкершілік сезімін оятады және туған жердің болашағына қамқорлықпен қарауға үйретеді. Таза ауа мен таза аула – бұл тек көркемдік немесе сұлулық мәселесі емес, бұл адам денсаулығының кепілі. Таза ортада өмір сүрген адамның өмір сапасы артып, денсаулығы жақсарады. Ескелді ауданында ауыл шаруашылығы экологиялық таза өнім өндіруге бағытталған. Таза су, таза топырақ пен таза ауа – мұның бәрі осы аймақтың өнімдерін ерекше дәмді әрі пайдалы етеді. Ескелді ауданының тұрғындары өз жерін сүйеді, қоршаған ортаны қорғауды басты парыз деп біледі. «Туған жердің топырағын таза ұстау – ұрпақ алдындағы борыш» деген түсінік берік орныққан. Аудан халқының бірлігі мен белсенділігі арқасында Ескелді жері жыл сайын көркейіп, гүлденіп келеді.

Бүгінде Ескелді – таза ауа, таза аула, таза ойлы адамдардың мекені. Мұндай аймақ – елдің мақтанышы, болашақ ұрпаққа үлгі. Егер әрбір қазақстандық өз өлкесіне осындай қамқорлықпен қараса, онда еліміз экологиялық таза әрі көрікті мемлекетке айналары сөзсіз.

Ескелді ауданының табиғаты мен халқы – біртұтас әлем. Таза ауа мен таза аула – бұл аудан тұрғындарының өмір сүру философиясы. Мұнда әрбір адам өз туған жерінің көркеюіне үлес қосады. Сондықтан Ескелді – тек географиялық аймақ емес, ол тазалықтың, еңбектің және рухани сұлулықтың символы.

Бүгінде Ескелді ауданы тек табиғатының сұлулығымен ғана емес, тазалығымен, тәртібімен және тұрғындарының ұйымшылдығымен де ерекшеленеді. Әр аула мен көше таза, жасыл желекке бөленген. Бұл – сіздердің еңбектеріңіздің, қамқорлықтарыңыздың және туған жерге деген сүйіспеншіліктеріңіздің нәтижесі.

Таза орта – салауатты өмірдің кепілі. Сіздердің тазалық пен тәртіпке деген жауапкершіліктеріңіз ауданның көркін арттырып қана қоймай, болашақ ұрпаққа үлгі болып отыр.

Бірліктеріңіз бен белсенділіктеріңіз үшін ризашылығымызды білдіреміз!

«Туған жердің тазалығы – халықтың абыройы», деген сөз бар. Сол абыройды биік ұстағандарыңыз үшін рахмет! Туған өлкеміз Ескелді әрдайым таза, гүлденген және бақытты мекен болып қала берсін!

Аяжан Ерланқызы

ВЕЙП ПЕН ЭЛЕКТРОНДЫ ТЕМЕКІНІ ҚОЛДАНУДЫҢ ЗИЯНЫ



Соңғы жылдары жастар мен ересектер арасында вейп пен электронды темекіні қолдану кеңінен таралды. Көпшілік оны кәдімгі темекіге қарағанда қауіпсіз деп ойлайды. Алайда, ғылыми зерттеулер бұл құрылғылардың да адам денсаулығына айтарлықтай зиян тигізетінін дәлелдеп отыр.

Көптегi тигізетін зияны Вейп пен электронды темекіде қолданылатын сұйықтықтардың құрамында никотин, пропиленгликоль, өсімдік глицерині және әртүрлі хош иістендіргіштер бар. Бұл заттар жоғары температурада қыздырылғанда улы химиялық қосылыстарға айналып, өкпеге теріс әсер етеді.

Ұзақ уақыт пайдалану нәтижесінде: -Созылмалы жөтел, -Емтігу, -Өкпенің қабынуы (вэйпинг-индукцияланған өкпе зақымдануы – EVALI) сияқты аурулар пайда болуы мүмкін. Жүрек пен қан тамырларына әсері Никотин — жүрек-қан тамыр жүйесіне әсер ететін күшті у. Ол: -Қан тамырларын тарылтады, -Қан қысымын көтереді, -Жүрек соғысын жиілетеді.

Нәтижесінде жүрекке түсетін жүктеме артып, инфаркт, инсульт, гипертония сияқты аурулардың даму қаупі жоғарылайды. Жүйке жүйесіне және тәуелділікке әсері Вейп сұйықтығында жиі кездесетін никотин адамның жүйке жүйесіне тікелей әсер етеді. Ол жоғары тәуелділік тудырып, адамның көңіл-күйін, есте сақтау қабілетін және зейінін төмендетеді. Әсіресе жасөспірімдер үшін бұл өте қауіпті, себебі олардың миы әлі толық қалыптаспаған. Никотин ми жасушаларының дамуын тежеп, оқуға деген қабілетті нашарлатады және психикалық тұрақсыздыққа әкелуі мүмкін.

Улы және қатерлі ісік тудырушы заттар Кейбір зерттеулерде вейп буынан формальдегид, ацетальдегид, қорғасын, никель, кадмий сияқты ауыр металдар табылған. Бұл заттар адам ағзасында жиналып, уақыт өте келе қатерлі ісік ауруларын тудыруы ықтимал.

Жүкті әйелдер мен жасөспірімдер үшін қауіп Жүкті әйелдер вейп қолданғанда никотин мен басқа химиялық заттар ұрықтың дамуына әсер етеді. Нәтижесінде бала салмағы төмен, денсаулығы әлсіз болып тууы мүмкін.

Ал жасөспірімдер үшін вейп — көбінесе темекі шегуге апаратын алғашқы қадам болып саналады. Бұл олардың никотинге тәуелді болып кетуіне себеп болады.

Вейп пен электронды темекі – қауіпсіз балама емес. Олар тек темекінің басқа түрі ғана, ал никотинге тәуелділікті күшейтеді. Денсаулықты сақтау үшін ең дұрыс шешім – никотин мен булы құрылғылардан толықтай бас тарту.

Денсаулық – адамның ең үлкен байлығы. Сондықтан бүгіннен бастап өз өміріңізге жауапкершілікпен қарап, зиянды әдеттерден аулақ болған жөн.

Динара Мауленқызы

ҚОЙ МЕН ЕШКІНІҢ ШЕШЕГІ

Күздің ылғалды салқын күндері мал мен малшыға сынақ әкелетін маусым. Дәл осы уақытта табиғаттағы өзгерістер, ауа райының құбылуы, жайылымнан қораға көшу кезеңі түрлі жұқпалы аурулардың белең алуына жол ашады. Солардың ішінде ең қауіптілерінің бірі – қой мен ешкінің шешегі.

Бұл дерт талай шаруаның еңбегін еш қылған, сансыз шығынға ұрындырған індеттердің қатарындағы аурудың табиғаты мен таралуы жайлы айтар болсақ, қой мен ешкінің шешегі вирустық сипаттағы жіті өтетін жұқпалы ауру. Қоздырғышы — *Capripoxvirus* деп аталатын өте төзімді вирус. Ол ауру малдан бөлінетін қотыр, ірің, сілекей және тыныс алу кезінде тарайтын ұсақ тамшылар арқылы қоршаған ортаға тарап, сау малға жұғады. Ауру алғашында дене қызуының көтерілуімен, әлсіздікпен, жем-шөпке тәбеттің төмендеуімен басталады. Кейін малдың ерні мен мұрнының маңайында, көзінің айналасында, желінде, кейде тұла бойында ұсақ түйіншектер (бөртпелер) пайда болады. Уақыт өте ол бөртпелер іріңдеп, қотырланады. Мұндай көрініс көбіне күзгі-қысқы мезгілде жиі байқалады, өйткені салқын мен ылғал вирусқа қолайлы орта тудырады. Қой мен ешкінің шешегі жай ғана тері ауруы емес. Ол малды әлсіретіп, салмақ тастатып, сүт пен жүн өнімін азайтады. Жүкті аналықтар іш тастайды, ал әлсіз төлдер жиі қырылады. Аурудың ауыр түрінде өлім-жітім 10–50 пайызға дейін жетеді. Мұндай жағдайда шаруашылыққа келген экономикалық залал да, биологиялық қауіп те орасан. Ең қауіптісі бұл аурудың тез таралуы. Бір отарға кірген вирус санаулы күндер ішінде жүздеген малға жұғуы мүмкін. Сондықтан ауру малды дер кезінде оқшауламай, шара қолданбау үлкен қатер.

Халықта «ауруды емдегенше, алдын алған абзал» деген нақыл бар. Бұл сөз ветеринария саласында тіпті маңызды. Қой мен ешкінің шешегіне қарсы арнайы вакцина бар, ол жылына бір рет егіледі. Уақытылы вакцинациялау індеттің таралуының алдын алады және мал арасында ұжымдық иммунитет қалыптастырады. Сондай-ақ қора-жайды таза, құрғақ және желдетілетін күйде ұстау, төсеніш пен құралдарды жиі дезинфекциялау, сырттан мал әкелген жағдайда кемінде жеке бақылауда ұстап, ауру малды дереу оқшаулап, қалған малды тексеруден өткізу қажет. Бұл қарапайым шаралар көп шығыннан құтқарып, мал басының амандығын қамтамасыз етеді.

Шешекке шалдыққан малды жеке қорада ұстау керек. Оған жылы, таза су мен жеңіл қорытылатын азық беріледі. Бөртпелерге антисептикалық ерітінді (йод, риванол, марганец қышқылы ерітіндісі) жағып, іріңді жараларды тазартып отыру қажет. Екіншілік инфекциялардың алдын алу үшін ветеринардың нұсқауымен кең спектрлі антибиотиктер мен иммуномодуляторлар қолданылады. Ал аурудан жазылған мал біраз уақыт оқшау күйінде бақылауда болуы тиіс. Қой мен ешкінің шешегі ауыл шаруашылығы үшін ежелден таныс, бірақ әлі де қауіпті індет. Онымен күрестің басты құралы, уақтылы ескерту және жауапкершілік. Бүгінгі таңда мемлекет тарапынан да, ветеринариялық қызметтер тарапынан да індеттің алдын алуға бағытталған шаралар жеткілікті. Ең бастысы әрбір мал иесі мен шаруа өз малын қорғауға ұқыптылықпен қарауы тиіс. Күзгі ылғалды мезгіл сақтықтың сыналар шағы. «Сақтықта қорлық жоқ» демекші, уақытында егілген вакцина мен таза қора қой мен ешкінің де, шаруаның да тыныштығының кепілі.

ДӘУРЕН ӘДІЛБЕКҰЛЫ

Ескелді ауданының Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы

АДАЛ ЕҢБЕКТИҢ БЕЙІНЕСІ



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР

байланысты. Солардың бірі – Аят Сағдатұлы, жүк тасушы мамандығын меңгерген еңбекқор азамат. Оның еңбегі ауылдағы тауар айналымының дұрыс және қауіпсіз болуына үлкен үлес қосады. Жүк тасушы жұмысы қарапайым көрінгенімен, бұл мамандық тек физикалық күш ғана емес, сонымен бірге жауапкершілік, ұйымдастырушылық қабілет және ұқыптылықты талап етеді. Жүк тасушы – жұмысшы мамандықтарының бірі. Ол тауарларды, жүктерді бір жерден екінші жерге жеткізумен айналысады. Жүк тасушының ең басты міндеті – жүкті уақытылы, қауіпсіз және зақымсыз жеткізу. Бұл қызмет тек ауыл үшін ғана емес, жалпы елдің экономикалық дамуына да тікелей әсер етеді. Аят Сағдатұлы күнделікті жұмысында: -жүктің тиелуі мен түсірілуін ұйымдастырады; -тасымалдау барысында қауіпсіздікті қадағалайды; -жеткізу маршрутын жоспарлап, жүкті уақытында жеткізуді

қамтамасыз етеді; -көліктің техникалық жағдайын тексеріп, оның дұрыс жұмысын қадағалайды. Бұл міндеттердің барлығы үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Әрбір жүк оның аمانдығына тәуелді, сондықтан Аят барлық тапсырмаларды мұқият орындайды. Жүк тасушы мамандығы тек физикалық күшті ғана емес, сонымен бірге кейбір ерекше қасиеттерді талап етеді: -Жауапкершілік: әрбір тапсырманы уақытында және сапалы орындау. -Ұқыптылық: жүкті дұрыс бекітіп, оны зақымданудан қорғау. -Физикалық төзімділік: кейде ауыр жүктерді ұзақ қашықтыққа тасымалдау қажет. -Уақытты басқару қабілеті: жеткізу кестесін сақтау, маршрутты дұрыс жоспарлау. -Сенімділік: әріптестер мен клиенттер оған толық сенім арта алады. Аят Сағдатұлы осы қасиеттерді күнделікті жұмысында дәлелдеп келеді. Ол өз мамандығына берік, адал еңбекқор азамат ретінде ауылда құрметке ие. Жүк тасушы мамандығы қоғамдағы көрінбейтін, бірақ аса маңызды қызметтердің бірі. Аят Сағдатұлының еңбегі Қарабұлақ ауылындағы дүкендерге, қоймаларға

және өндірістік орындарға тауар жеткізу арқылы адамдардың күнделікті өмірін жеңілдетеді. Оның арқасында тауарлар уақытында келеді, өндіріс орындары үздіксіз жұмыс істейді, ауылдағы тұрғындардың қажеттіліктері қанағаттандырылып отырады. Жүк тасушының жұмысы тек ауылдың емес, жалпы экономиканың да тірегі болып табылады. Тауар айналымының дұрыс болуын қамтамасыз ету арқылы Аят Сағдатұлы елдегі өндірістік процестер мен сауда байланысының тұрақтылығына үлес қосады. Аят Сағдатұлының ең басты ерекшелігі – адал еңбегі мен еңбекқорлығы. Ол әрқашан өз міндетін уақытында және сапалы орындауға тырысады. Сондай-ақ, Аят әріптестерімен жақсы қарым-қатынас орнатып, командалық жұмысқа бейім. Жұмыстан тыс уақытта да ол өз кәсібіне қатысты жаңа тәсілдер мен жолдарды үйренуге құштар. Жүк тасушы мамандығы қарапайым, бірақ өте маңызды және құрметке лайық жұмыс. Аят Сағдатұлы – осы мамандықтың жарқын мысалы. Оның еңбегі қоғамның дамуы мен ауыл өмірінің тұрақтылығына үлес қосады. Аяттың күнделікті адал еңбегі еңбекқорлық пен жауапкершіліктің айқын көрінісі болып табылады. Ол – Қарабұлақ ауылында еңбегімен танылған, үлгі тұтарлық азамат. Дара Санаитқызы

ЕҢБЕКПЕН ЕР АНА АТАНҒАН

Социалистік Еңбек Ері Саумал Ноғайбаеваның туғанына 120 жыл 2025 жылы Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласының дамуына өлшеусіз үлес қосқан, Социалистік Еңбек Ері атағын иеленген Саумал Ноғайбаеваның туғанына 120 жыл толып отыр. Өмір жолы – елге үлгі. Саумал Ноғайбаева 1905 жылы Шұбар (қазіргі Алдабергенов) ауылында дүниеге келген. Жастайынан еңбекке араласып, ел экономикасы жаңа қалыптаса бастаған шақта белсенділік танытқан. 1930 жылы құрылған «Жаңаталап» колхозына алғашқылардың бірі мүшесі болып кіріп, егін шаруашылығын дамыту ісіне барын салды. Соғыс жылдарында тылда аянбай еңбек еткен аналардың қатарында болатын. Қиын кезеңде егін мен мал басын сақтап қана қоймай, оны көбейтуге өлшеусіз үлес қосты. Төзімділік пен маңдай тердің арқасында ер ана ауылшаруашылық жұмысының қыр-сырын меңгеріп, ұжымшардың алдыңғы қатарлы еңбеккері ретінде көзге түсті.

Оның тәжірибесі жастарға үлгі, үлкендерге тірек болды. 1936-1961 жылдар аралығында қызылшашылар зеносының жетекшісі болды. Жыл сайын мол өнім өсіріп отырды. 1947 жылы 2 гектар қант қызылшасының әр гектарынан 808 центнерден, ал қалған егіс көлемінен 335 центнерден тәтті түбір жинады. Қант қызылшасынан мол өнім өсіргені үшін Саумал Ноғайбаева КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1948 жылғы 28 наурыздағы Жарлығымен Социалистік Еңбек Ері атағына ие болды. Бұл – сол дәуірдегі ең жоғары мемлекеттік марапаттардың бірі. Оның есімі ел жадында еңбекпен елін қорғаған ерлік иесі аналық мейірімі мен қажырлы қайратымен келеді. Ұрпағын өсіріп, оларға жоғары білім алуға жағдай жасап, елге адал қызмет ететін азамат етіп тәрбиеледі. Ұрпақтары: ұлы-Сағдолда, келіні-Катя, немерелері: Сағадат, Ильяс, Ықылас және Олжас есімді немерелері бар. 2006 жылы Социалистік Еңбек Ері Саумал Ноғайбаеваның 100 жылдығына орай Алдабергенов ауылымыздың көшесінің біріне есімі берілді. Көшенің ашылу салтанатында немересі Сағадат Сағдолдақызының арнаған өлең-жолдары: Туысқан елдер еңбектің, Қайнатса ұлы қазанның. Еңбегімен ерекше, Дараланды анамыз. Атаққа қолын жеткізді, Бағындырғандай шың құзды. Омырауына қадады, Жарқыратып жұлдызды. Еңбектен ауыр қайтпаған, Қатты сөз қайтар айтпаған. Әкемізді қосып

қатарға, Катябай деп атын атамай, Аналық парыз ақтаған. Осы емес пе, жақсының, Мәңгі-бақи өлмесі. Апамыздың атын, Берілді Саумал көшесі. Елді сыйлай біледі, Біздерге адал жүрегі. Мектепке мені апарып, Амандығымызды тіледі. Апамның қалған көзімін, Аямай төккен сезімін. Көргендер мені «Сіз» дейді, Айнымай қалған өзімін. Теріс жолға баспадық, Өнегезіңді сақтадық. Бүгінде Бәріміз ер жетіп, Еңбегіңізді ақтадық. Немересі Сағадат Сағдолдақызы 16.09.2006 жыл. Музей қызметкерлері Социалистік Еңбек Ері Саумал Ноғайбаеваның туғанына 120 жыл толуына орай «Еңбекпен ер ана атанған» атты шара ұйымдастырылды. Шараға М.Байысов атындағы орта мектебінің оқушылары қатысты. Оларға Еңбек Ері ананың өмір жолы, соғыс жылдарындағы тыл еңбегі, ауыл шаруашылығын дамытуға қосқан үлесі жөнінде кеңінен мағлұмат берілді.

Сондай-ақ оның тұтынған тұрмыстық бұйымдары, қолжазбалары мен құнды деректері таныстырылып, естеліктер арқылы ерліктің еңбекпен келетіндігі насихатталды. Сонымен қатар қоғамға үлгі болған тұлғаларды есте сақтаудың маңызын атап өтті. Осындай шаралар жас буынның отансүйгіштік рухын қалыптастырып қана қоймай, еңбекті қадірлеуге, жауапкершілікке, бастаған істі соңына дейін жеткізетін табандылыққа тәрбиелейді. Социалистік Еңбек Ері Саумал Ноғайбаеваның есімі - маңдай термен келген даңқтың айқын дәлелі. «Еңбекпен ер ана атанған» тұлғаның өмірі- бүгінгі және болашақ ұрпаққа үлгі. Музей ұйымдастырған іс-шара оның рухани мұрасының жаңғыра түсуіне зор ықпал етті.

Г.Е.ШАЙМУХАНБЕТОВА,
Н.Алдабергеновтың мемориалды музейінің меңгерушісі

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСТЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ РӨЛІ: СЕНІМ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК АРАСЫ

Сыбайлас жемқорлық – кез келген елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қауіп төндіретін, қоғамда әділетсіздік пен сенімсіздік тудыратын құбылыс. Бұл дертпен күресте құқық қорғау органдарымен қатар, бірінші кезекте мемлекеттік қызметкерлердің ұстанымы мен әрекеті маңызды. Себебі мемлекеттік аппараттың әр буыны – қоғамның сенім артар тірегі.

Мемлекеттік қызметші – заң мен тәртіпті орнатушы ғана емес, сол тәртіптің өзінен басталатын үлгісі. Егер қоғам мемлекеттік қызметкердің әдебі мен адалдығына күмән келтірсе, мемлекеттік жүйеге деген сенім әлсірейді. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күрес – ең алдымен әрбір қызметкердің ішкі адалдығынан, моральдық жауапкершілігінен басталуы керек.

Мемлекеттік қызметкердің негізгі ұстанымы — “халыққа қызмет ету”. Бұл ұран құр сөз емес, үлкен моральдық жауапкершілікті талап етеді. Қызмет бабын жеке пайдаға айналдыру, азаматтың мәселесін “ауызбастылықпен” шешу, таныс-тамыр арқылы жол ашу — қоғамда әділетсіздіктің орнығуына алып келеді.

Мұндай әрекеттер мемлекетке емес, жеке мүддеге қызмет етуді білдіреді. Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалық негіздер, кодекстер мен ережелер нақты айқындалған. Әр мемлекеттік қызметкер осы нормаларды білуге, ұстануға және насихаттауға міндетті. Бірақ заңнан бұрын жүректе әділдік, санасында жауапкершілік болмаса, заң да қауқарсыз. Сондықтан басты мәселе — тұлғаның ішкі мәдениетінде.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес тек жазалау немесе әшкерелеу арқылы жүзеге аспайды. Бұл – ұдайы профилактика мен мәдениетті қалыптастыру процесі. Жастарды тәрбиелеу, білім беру мекемелерінде адалдықты насихаттау, “Адалдық сағаттары”, ашық диалогтар – болашақ ұрпақ санасына әділдікті ерте сіңіруге көмектеседі. Ал оның алдыңғы шебінде – мемлекеттік қызметкер тұруы тиіс.

Қорытындылай келе, мемлекеттік қызметші – елдің үміт артқан тұлғасы. Ол тек кәсіби маман емес, қоғам алдындағы сенім иесі. Сыбайлас жемқорлықпен күресу – оның күнделікті ісі, ішкі ұстанымы мен азаматтық парызы болуы тиіс. Халықтың сенімін ақтау үшін әр қызметкер «адал қызмет ету – өзіңе де, мемлекетке де жасаған ең үлкен игілік» екенін түсінуі керек.

Дюсебаев Берік Оналбайұлы
Ескелді ауданы әкімі аппаратының басшысы-
Әдеп жөніндегі уәкілі

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ — БАСТЫ МІНДЕТ



Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кемелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Жасөспірімдердің қалыптасуына әсер ететін факторлар:

1.Отбасы. Отбасындағы қарым-қатынас жасөспірім үшін, оның тұлға ретінде қалыптасуы үшін үлкен тәрбиелік мәнге ие. Қазіргі уақытта көптеген отбасыларда балаларды ата-аналардың бірі, көбінесе анасы тәрбиелейді, бұл жасөспірімдерді тиісті қадағалаудың болмауына әсер етеді, оған моральдық қолдау, қамқорлық, көңіл бөлінбейді-мұның бәрі тұлғаның қалыптасуына кері әсер етеді. 2.Мектеп. Мұғалімдермен қарым-қатынасы қиын жасөспірімдер көбінесе сыныпта оқшауланып, өздерін бөтен сезінетіндігімен, әдетте қиын жасөспірімдер нашар оқитындығымен күрделене түседі. Оқуы қиын жасөспірімдерді сынып ұжымында оқшаулау олардың құқық бұзушылық жолына түсуіне ықпал ететін басты себептердің бірі болып табылады. 3.Көше. Отбасындажәнемектептеқолдауменкөңілбөлінбейөскенкәмелетке толмаған адам қарым-қатынас қажеттілігін қанағаттандыра алатын басқа ортаны іздейді. Жасөспірім, әдетте, көшеде қарым-қатынастың жетіспеушілігін толтыруға тырысады. Егер мұнда ол «жаман» әсерге ұшыраса, онда оның қалыптасуы теріс болуы мүмкін. Әдетте, мұндай жасөспірімдердің тұрақты қызығушылықтары жоқ, спорттық және басқа үйірмелер мен секцияларға қатыспайды, мақсатсыз уақытты өткізуге мәжбүр болады. Оң нәтиже тек отбасының, мектептің және сыртқы демалыс және әлеуметтік мекемелер мен ұйымдардың бірлескен және үйлесімді жұмысымен мүмкін болады. Сонымен қатар, кемелетке толмағандардың арасында құқық бұзушы-лықтың алдын алуда барлық мүдделі органдармен бірігіп профилактикалық рейдтер ұйымдастырылып, ойын – сауық орындары, қолайсыз отбасылардың тұрмыстық жағдайы тексеріледі. Сондықтан әрбір ата-ана бала тәрбиесіне асқан жауапкершілікпен қарап, отбасындағы тәрбие құндылығын арттыру арқылы ұрпағына зиянды әрекеттер туралы кеңінен ақпарат беріп, саламатты өмір салтын ұстанудың маңызын түсіндіріп отырғаны абзал. Қорыта айтқанда, адамға берілген құндылық – өмір болса, сол өмірді дұрыс сүру, тәрбиелі ұрпақ өсіріп, елге адал қызмет ету маңызды болып қала бермек.

ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ – ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ БЕРІК ТІРЕГІ

ҚОҒАМ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ



15 қараша – еліміздегі қаржы саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесі – Қаржыгерлер күні. Бұл күн – мемлекеттің қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етіп жүрген адал жандардың еңбегін ұлықтайтын ерекше мереке.

Осы орайда, біз Ескелді ауданының Қазынашылық басқармасы ұжымының атынан аудан тұрғындарына жылы лебізімізді білдіреміз.

Қазынашылық қызметі – мемлекеттік қаржы басқарманың күнделікті қозғалысының ашықтығы мен

- Білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік сала мекемелерінің қызметі үздіксіз қаржыландырылады;

- Мемлекеттік қызметкерлердің еңбекақылары, жәрдемақылар мен зейнетақылар уақытылы төленеді;

- Бюджеттік қаражаттың тиімді әрі ашық пайдаланылуы қамтамасыз етіледі.

Бүгінгі таңда Қазынашылық жүйесінде цифрландыру мен заманауи ақпараттық технологиялар кеңінен енгізіліп, мемлекеттік төлемдер жылдам әрі қауіпсіз жүзеге асырылуда. Бұл бағыттағы жаңашылдықтар аудандық деңгейде де табысты іске асуда.

Қазынашылық – мемлекет пен халық арасындағы сенім көпірі. Әрбір теңге – ел игілігіне жұмсалуды тиіс. Біз осы жауапты міндетті абыроймен атқарып келеміз.

Қаржыгерлер күні қарсаңында барлық әріптестерімізді кәсіби мерекемен шын жүректен құттықтаймыз!

Дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық тілейміз!

А.Киялбекова, Ескелді ауданы Қазынашылық басқармасының басшысы



Қоғам – адамзат өмірінің тіршілік ортасы, ал тәртіп пен әділдік – сол қоғамның тұрақтылығы мен дамуының негізгі тетігі. Әрбір азаматтың заңды білуі, оны құрметтеуі және өз құқығы мен міндетін түсінуі – өркениетті елдің басты көрсеткіші. Сол себепті бүгінгі таңда құқықтық тәрбиенің маңызы ерекше артып отыр.

Құқықтық тәрбиенің мәні мен міндеті

Құқықтық тәрбие – жеке тұлғаның құқықтық санасы мен мәдениетін, азаматтық жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталған жүйелі жұмыс. Бұл тәрбие отбасынан басталып, балабақша мен мектеп қабырғасында, жоғары оқу орындарында жалғасын табуы тиіс.

Бала жастайынан әділдік, адалдық, сыйластық және жауапкершілік ұғымдарын бойына сіңірсе, болашақта саналы да заңды құрметтейтін азамат болып қалыптасады.

Заңды білудің басты мақсаты – адамды жазадан қорғау емес, қоғамда тәртіп пен әділдік мәдениетін қалыптастыру.

Қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастыру – тек құқық қорғау органдарының емес, бүкіл халықтың ортақ міндеті. Себебі заңды құрметтеген адам өз әрекетінің салдарын түсінеді, өзгелердің құқығын бұзбауға тырысады және қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінеді.

Бүгінгі жастар – ертеңгі елдің болашағы, қоғамның тірегі. Сондықтан жастарға құқықтық тәрбие беру – елдің іргетасын берік етіп, әділетті қоғам құру жолындағы маңызды қадам.

Мектептер мен колледждерде, жоғары оқу орындарында құқықтық сауаттылыққа арналған ашық сабақтар, пікірталастар мен кездесулер жиі өткізілуі тиіс. Осындай іс-шаралар жас ұрпақтың заңға деген қызығушылығын арттырып, құқық бұзушылықтың алдын алады.

Бүгінгі цифрлық дәуірде жастардың әлеуметтік желіде, қоғамдық ортада өз құқығы мен міндетін дұрыс пайдалана білуі – олардың құқықтық мәдениет деңгейін айқындайды. Сондықтан бұл бағытта ата-ана, ұстаз және қоғам бірлесе жұмыс атқаруы қажет.

Жастарға заңды құрметтеу сезімін дарыту – олардың бойына елге деген сүйіспеншілікті, әділдік пен жауапкершілікті ұялатады. Бұл – тек жеке тұлғаның ғана емес, тұтас ұлттың болашағына әсер ететін маңызды тәрбие.

Құқықтық тәрбие – әділ, мәдениетті және жауапкершілігі жоғары қоғамның басты тірегі.

Әрбір азамат заңды білуге, оны құрметтеуге және өз өмірінде басшылыққа алуға міндетті. Сонда ғана елімізде әділдік пен тыныштық салтанат құрады.

Құқықтық санасы жоғары ұрпақ – елдің болашағының кепілі. Сондықтан баршамыздың ортақ парызымыз – жастардың бойында заңға, тәртіпке және әділдікке деген құрметті қалыптастыру.

Раушан Мастекбаева, Бақтыбай ауылының кітапханашысы

КІТАПХАНАНЫҢ ЖАС ЖҮРЕГІ

Кітапхана – білім мен руханияттың алтын қазынасы, ал сол қазынаны сақтап, ұрпаққа жеткізетін жандар – кітапханашылар. Осындай асыл мамандықтың иесі, Ескелді ауданы Көкжазық ауылдық кітапханасының кітапханашысы Нүсіп Айжан Бекежанқызы Республикалық «Үздік жас кітапханашы» байқауында бас жүлдені жеңіп алып, Жетісу облысының атын асқақтатып, үлкен жетістікке қол жеткізді.

Бұл мәртебелі жеңіс – Айжан Бекежанқызының табандылығы мен еңбексүйгіштігінің, өз кәсібін деген шынайы махаббаты мен ізденімпаздығының айқын көрінісі. Ол жас болса да, кітапхананы заманауи бағытта дамытып, ауыл тұрғындарының мәдени өміріне тың серпін беріп келеді. Айжанның бастамасымен кітапханада түрлі мәдени-ағартушылық жобалар жүзеге асуда. Кітапхана қабырғасында тек кітап оқып қана қоймай, шығармашылық орта қалыптасқан. Мұнда балалар мен жастар өз ойларын ашық айтып, әдебиет пен өнер саласында өзін көрсетуге мүмкіндік алады. Осы бағыттағы жұмыстардың барлығы Айжан Бекежанқызының еңбегімен, жаңашыл көзқарасымен тығыз байланысты. Ол ауыл тұрғындары үшін кітапхананы нағыз рухани орталыққа айналдырды.

– «Кітапхана – тек білім ордасы ғана емес, ол – адамдардың жүрегін байланыстыратын рухани көпір. Кітап арқылы біз бір-бірімізді түсінеміз, үйренеміз және өсеміз», – дейді Айжан Бекежанқызы өз сұхбаттарының бірінде.

Айжанның кәсіби шеберлігі мен ұйымдастырушылық қабілеті әріптестеріне де, жас мамандарға да үлгі. Оның жұмысқа деген сүйіспеншілігі, ізденісі мен жаңашылдығы көптеген жастарды кітапхана ісіне қызықтырып келеді.

Нүсіп Айжан Бекежанқызын Республикалық деңгейдегі зор жетістігімен шын жүректен құттықтаймыз! Оған шығармашылық табыс, жаңа идеялар, шабыт және биік белестер тілейміз. Еңбегіңіздің нұры ел игілігіне айналып, жас ұрпақтың бойына рухани байлық дарыта берсін.

Айжан секілді жалынды жастардың бар екені – руханияттың болашағының жарқын екенінің белгісі. Кітапхана жүрегі – өз ісін сүйетін осындай жас мамандарда!



Алмагуль Коккозова, Жетісу ауылдық кітапханасының кітапханашысы

Қазақтың дана бiуi, ұлт руханиятының алып тұлғасы Қазыбек би:

«Апатқа апарар үш iндем бар: надандық, жалқаулық, ынтымақсыздық» – деп бекер айтпаған. Бұл сөздер ғасырлар өтсе де өз мәнін жоғалтпай, бүгінгі ұрпаққа да терең ой тастайды. Өйткені осы үш iндеммен арылмай, қоғамның да, ұлттың да iлгерi дамуы мүмкiн емес. Осы мақсатта Ақын Сара ауылдық кітапханасы ұжымы жастармен бiрлесе отырып, «Апатқа апарар үш iндем» атты тағылымдық тренинг өткiздi. Шараның басты мақсаты – жас ұрпаққа рухани құндылықтардың мәнін ұғындырып, адам бойындағы жағымсыз қасиеттерден арылуға, ынтымақ пен еңбектiң қадiрiн түсiнуге баулу болды.

Тренинг барысында кітапхана қызметкерлерi мен қатысушы жастар Қазыбек бидiң өсиет сөзiне тоқталып, надандық, жалқаулық, ынтымақсыздық ұғымдарының қоғам мен жеке адам өмiрiне әсерiн

талқылады.

Оқушылар өз ойларын ашық айтып, үш iндемтiң мәні мен одан құтылу жолдары жөнiнде пiкiр алмасты:

Надандықтан құтылудың ең басты жолы – бiлiм алу.

Бiлiм – қараңғылықты сөйiлпеттiн жарық, адамды дамуға жетелейтiн күш. Бiлiмдi адам елдiң тiрегi, халықтың үмiтi.

-Жалқаулық – адам мен қоғам дамуын тежейтiн ең қауiптi қасиет.

Ол адам бойындағы жiгер мен табандылықты әлсiретiп, өмiр жолында көптeгeн мүмкiндiктерден айырады.

- Ы н т ы м а қ с ы з д ы қ т а н құтылудың бiрден-бiр жолы – өзара құрмет пен сыйластық.

Бiрлiк бар жерде ғана жетiстiк бар. Ортақ мақсатқа ұмтылған халықтың болашағы баянды болады.

Шара барысында жастар ой салып, мысалдар келтiрiп, өз өмiр тәжiрибелерiнен де бөлiстi.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – БАРША ҚОҒАМНЫҢ ЖАУЫ



Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық – заманмен бiрге өсiп-өркендеп, небiр тезеуiрдi қарсылықтарға төтеп берiп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгiнге дейiн жойылмай отырған қауiптi кеселдiң бiрi. Басқа дамушы елдер сияқты, бiздiң жас мемлекетiмiздi де жегi құрттай бұл кесел айналып өткен жоқ. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң қабылданғаннан берi сыбайлас жемқорлыққа қарсы iс-әрекеттер дөйектiлiкпен жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы шаралар мен көкейтестi мәселелердi шешуде заңдылықты жетiлдiру жұмыстары тұрақты түрде жүргiзiлiп келедi. Жалпы алғанда, қабылданған кешендi шаралар нәтижесiнде сыбайлас жемқорлық көрнiстерiнiң азаюы байқалады. Сыбайлас жемқорлықтың жиi бой көрсететiн, ең қауiптi түрi-парақорлық. Бiрiншi кезекте пара берудiң себептерiн, пара алудың жағдайларын түп-тамырын жою үшiн қоғам болып белсендiлiк танытуымыз қажет. Яғни пара беру де, пара алу да пайдалы болмайтындай, үлкен қылмыс ретiнде саналатындай жағдай, қоғамдық сана қалыптасуы қажет.

“Ескелдi ауданы Қаратал ауылдық округi әкiмiнiң аппараты” мемлекеттiк мекемесi

Алия Себепова, Ақын Сара ауылының кітапханашысы

ҚАРАБҰЛАҚ АУЫЛЫНДА ЖАҢА «ЖЕҢІС» САЯБАҒЫ ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ БЕРІЛДІ



Ескелді ауданының орталығы — Қарабұлақ ауылында тұрғындардың көптен күткен қуанышты сәті орын алды. Ауданы 5 гектардан астам, ұзындығы 1,2 шақырым болатын заманауи «Жеңіс» саябағының құрылысы толық аяқталып, ел игілігіне пайдалануға берілді. Бұл жоба «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында жүзеге асырылды.

Көпшілікке арналған көрікті демалыс аймағы Жеңіс көшесінде орналасқан саябақ — ауыл тұрғындарының серуендеп, спортпен шұғылдануына, балалардың ойнап, отбасылардың демалуына арналған әсем әрі ыңғайлы орын.

Аудан әкімі Елдос Ахметовтың айтуынша, саябақ аумағында:

-волейбол, баскетбол және футбол ойнайтын 3 әмбебап спорт алаңы,

-түрлі жастағы балаларға арналған 4 ойын алаңы,

-демалуға арналған орындықтар мен қоқыс жәшіктері, -жарық шамдары мен тротуар жолдары орнатылған.

Сонымен қатар, саябақ аумағына 460-қа жуық жапырақты және қылқанжапырақты ағаш егілді, 38 мың шаршы метр жерге көгал төселді, санитарлық торап салынды.

Барлық жасыл желек арнайы арық жүйесі арқылы суғарылады. Саябақтың күтімін тұрақты жүргізу үшін 5 адам жұмыспен қамтылмақ.

«Таза Қазақстан» бағдарламасы шеңберінде соңғы екі жылда Ескелді ауданында бірқатар жұмыстар атқарылды.

Атап айтқанда, Қарабұлақ, Байысов, Ақын Сара, Ешкiөлмес және Абай ауылдарында 3 балалар және 4 спорт алаңы орнатылған.

Бұл бағыттағы жұмыстар тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға, салауатты өмір салтын дамытуға және экологиялық мәдениетті арттыруға бағытталған.

12 қараша күні сағат 14:00-де Қарабұлақ ауылының Жеңіс көшесінде орналасқан жаңа саябақтың ашылу салтанаты өтті.

Мерекелік шара түрлі-түсті шарлармен безендірілген арка жанында ұйымдастырылып, аудан әкімі Елдос Ахметов лентаны қиып, жаңа саябақтың ресми ашылғанын жариялады.

Салтанатты жиынға аудан тұрғындары, ардагерлер, жастар және құрметті қонақтар қатысты.

Ашылу барысында мерекелік концерт қойылып, сахна төрінде әсерлі әндер шырқалып, көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйланды.

Саябақтың ашылу күні спорт сүйер қауым үшін түрлі жарыстар өткізілді:

-шағын футбол

-баскетбол

-каратэ

-гір көтеру

-тоғызқұмалақ

-дойбы

-үстел теннисі

-арқан тартыс

Жарыстарға ауыл жастары мен оқушылар белсенді қатысып, жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Бүгінде «Жеңіс» саябағы — Қарабұлақ ауылының ажарын айшықтайтын, тұрғындарға қуаныш пен сергектік сыйлайтын ерекше демалыс орны.

Мұнда адамдар табиғат аясында серуендеп, балалар шат-шадыман ойнайтын, спортпен айналысатын жаңа кеңістік пайда болды.

Саябақ — тек демалыс орны ғана емес, ауданның жаңару мен көркеюінің нышанына айналды.

Қарабұлақ – жаңарған, жасыл өңір!

Жаңа «Жеңіс» саябағы – халықтың жеңісі!



ДОМБЫРА-ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ



Қазақ халқының жаны да, ары да, рухының терең тамыры да – домбыра. Бұл киелі аспап ғасырлар бойы ұлттың басынан өткен барлық кезеңдердің үнін, қуанышы мен қайғысын, ерлігі мен елдігін, салт-дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін өз ішіне сіңіріп, бүгінгі ұрпаққа жеткізіп келе жатқан ұлы мұра. Домбыра – жай ғана музыкалық аспап емес, ол – халықтың болмысы, ұлттың тарихын сөйлеткен шежіре.

Сол ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында Қоңыр ауылдық клубында жұмыс істеп келе жатқан домбыра үйірмесі – ауыл балаларына ұлттық өнердің қадірін ұқтырып, олардың бойына рухани байлық пен мәдениетті дарытып жүрген қасиетті орда. Үйірме жетекшісі – өз ісінің шебері, ұлттық өнердің жанашыры Байғарашева Баян Бүркітбайқызы. Ол жас домбырашыларға тек күй тартуды ғана емес, әрбір әуеннің мәнін, әр күйдің тарихы мен астарындағы ұлттық рухты ұғындырып келеді.

Үйірме мүшелері қазақтың халық күйлерін, сондай-ақ Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Нұрғиса Тілендиев сияқты ұлы күйшілердің шығармаларын орындап, ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншіліктерін арттыруда. Домбыра үйірмесі – тек музыкалық шеберлікті дамытатын орта ғана емес, ол – ұлттық сана мен рухты тәрбиелейтін мектеп. Әрбір баланың қолындағы домбырадан төгілген күй ел мен жерге, ата-баба рухына деген құрметтің көрінісі болып табылады.

Сол үйірменің талантты жас домбырашысы Сержан Әсер бүгінде ауылдағы түрлі мәдени шараларға белсене қатысып, көрермендердің ыстық ықыласына бөленіп жүр. Оның орындауындағы күйлер тыңдарман жүрегіне жол тауып, қазақтың қара домбырасының қадірін тағы бір мәрте ұғындырады. Мұндай жас өнерпаздар – ертеңгі ұлттық өнердің жалғастырушысы, рухани мұраның сақтаушысы.

Домбыра үйірмесінің басты ерекшелігі – оның тек музыкалық бағытта емес, рухани тәрбие беруші орта болуында. Мұнда балалар домбыра тарту арқылы өз халқының тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін терең танып, бойларына ұлттық рух пен намысты сіңіреді. Домбыраның күмбірлеген қоңыр үні арқылы жас ұрпақ ата-баба аманатын жүрегімен сезініп, елін, жерін сүюге үйренеді.

Қазақ халқының әр шаңарағында домбыра ілулі тұрса – ол ұлттың мәңгі жасайтынының белгісі. Сондықтан осындай үйірмелердің жұмыс істеуі – ұлттық руханияттың дамуына қосылған зор үлес. Домбыра үні өшпесін десек, осындай қасиетті өнер ордаларын қолдап, жас ұрпақтың бойына күй арқылы рухани байлық сіңіру – баршамыздың парызымыз.

Қоңыр ауылындағы домбыра үйірмесі – ұлттық өнердің ұясы, ұлт рухының бесігі. Мұнда тәрбиеленіп жатқан жас домбырашылар – қазақтың болашағы, күй өнерінің мәңгілік мұрагерлері.

«Домбыраның қоңыр үні – қазақ рухының мәңгілік жыры».

Қоңыр ауылдық клубындағы домбыра үйірмесі – ұлттық өнердің ұясы, ұлт рухының бесігі. Бұл үйірмеде тәрбиеленіп жатқан әрбір жас – қазақтың болашағы, күй өнерінің ертеңгі мұрагері.

Домбыраның қоңыр үні ғасырдан ғасырға жетіп, ұлтымыздың рухын асқақтата бермек.

Ж. Умирбекова,
Қоңыр ауылдық кітапханасының кітапханашысы

ТАБИҒАТТЫ БІРГЕ ҚОРҒАЙЫҚ



Жалпыұлттық экологиялық акция

Табиғат – адам өмірінің ажырамас бөлігі, тіршіліктің нәрі мен сәні.

Адамзат ежелден табиғатпен етене өмір сүріп, оның заңдылықтарына бағынып келеді. Табиғатсыз өмір сүру мүмкін емес, өйткені ауа, су, жер мен өсімдіктер – барлығы өміріміздің негізі. Сондықтан табиғатты қорғау, сақтау және аялау – баршамыздың қасиетті борышымыз.

Қазіргі таңда экологиялық тепе-теңдік мәселесі бүкіл әлемнің назарында тұр. Жердің жылынуы, орман өрттері, өзен-көлдердің тар-тылуы, ауаның ластануы сияқты жаһандық проблемалар – адамның табиғатқа немқұрайлы қарауының салдары. Егер біз табиғатты бүгін қорғамасақ, ертеңгі өмірдің сапасы бұдан да төмендеуі мүмкін.

Табиғатты қорғау тек экологиялық ұйымдар мен мамандарды ғана емес, әрбір саналы азаматтың міндеті болуы тиіс. Көпшілік бұ-істі үлкен шаралармен байланыстырады, алайда табиғатты аялау күнделікті қарапайым әрекеттерден басталады: қоқысты жерге та-сталау, суды үнемдеу, ағаш отырғызу, жануарларға қамқор болу, айна-ланы таза ұстау – бәрі де табиғатқа деген жауапкершіліктің көрінісі. Егер әр адам өз ортасын таза ұстаса, қоршаған орта әлдеқайда әсем әрі жайлы болар еді.

Қазақ халқы ежелден табиғатты ерекше құрметтеген халық. «Жер – ырыстың кіндігі», «Судың да сұрауы бар» деген даналық сөздер – ата-бабаларымыздың табиғатқа деген ықыласы мен жауапкершілігін білдіреді. Көктемде ағаш отырғызу, суды ысырап етпеу, шөпті таптамау сияқты әдеттер халқымыздың өмір салтына айналған. Бүгінгі ұрпақ осы дәстүрді сақтап, табиғатқа жанашыр көзқараспен қарауы қажет.

Қазіргі уақытта экологиялық мәдениетті қалыптастыру – қоғамның ең өзекті міндеттерінің бірі. Мектептер мен балабақшаларда экологиялық тәрбие беру арқылы балаларды табиғатты сүюге, қорғауға баулу маңызды. Сенбіліктер, ағаш отырғызу күндері, өзен-көлдерді тазалау, жануарларға қамқорлық көрсету сияқты шаралар жас ұрпақтың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырады.

Табиғатты аялау – өз өмірімізді қорғау.

Табиғатқа қамқор болсақ, ол да бізге мейірімін төгеді. Таза ауа, мөлдір су, жасыл орман мен кең дала – біздің денсаулығымыз бен бақытымыздың кепілі. Болашақ ұрпаққа көрікті, таза, салауатты жер қалдыру – бүгінгі буынның басты парызы. Сондықтан табиғатты бірге қорғайық! Әрқайсымыз өз үлесімізді қосайық.

Раушан Мастекбаева,
Бақтыбай ауылының кітапханашысы



БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ АТАСЫ – САПАРҒАЛИ БЕГАЛИН



Қазақ руханиятына өлшеусіз үлес қосқан қаламгер Қазақтың әдебиетінің көрнекті өкілі, балалар әдебиетінің атасы атаң Сапарғали Бегалин – ұлт руханиятына сүбелі үлес қосқан тұлға. Ол балалар әлемін терең түсініп, жас оқырманның жүрегіне жол

таба білген, олардың бойына адамгершілік пен еңбексүйгіштік қасиеттерді сіңірген қаламгер ретінде тарихта қалды.

Жазушының «Бала Шоқан», «Сәтжан», «Көксегеннің көргендері», «Қыран кегі» сияқты шығармалары жас ұрпақты адалдыққа, ізденіске, білім мен өнерге құштар болуға үндейді. Әрбір туындысында Сапарғали Бегалин баланың ой-өрісін кеңейтіп, табиғатты, еңбекті, туған жерді сүюге шақырады.

Қаламгер тек балалар әдебиетінің дамуына ғана емес, халық ауыз әдебиетін зерттеу ісіне де зор еңбек сіңірді. Ол ел ішіндегі аңыз-әңгімелер мен жырларды жинап, қазақ фольклорының бай мұрасын кейінгі ұрпаққа жеткізді.

Сапарғали Бегалиннің шығармаларынан қарапайым еңбек адамының бейнесі, туған жерге деген сүйіспеншілік пен ұлттық рух айқын сезіледі. Сол себепті де оның есімі қазақ әдебиетінің тарихында мәңгі өшпес із қалдырды.

Бүгінгі ұрпақ үшін Сапарғали Бегалиннің шығармалары – тәрбие мен тағылымның қайнар көзі, рухани байлықтың сарқылмас бұлағы.

Гүльмира Азамбаева,
Бақтыбай ауылының кітапханашысы

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДА ОҢАЙЛАТЫЛҒАН ДЕКЛАРАЦИЯ НЕГІЗІНДЕ АРНАУЛЫ САЛЫҚ РЕЖИМІН ҚОЛДАНУ КЕЗІНДЕ САЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕСІНІҢ МӨЛШЕРІН ТӨМЕНДЕТУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 726-бабына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес, Ескелді аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

- Ескелді ауданында төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығын есептеуді оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимінің пайыз мөлшеріндегі мөлшерлемесі салық салық салу объектісіне 4 (төрт) пайыздан 3 (үш) пайызға дейін төмендетілсін.
- Ескелді ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы» Ескелді аудандық мәслихатының 2024 жылғы 19 наурызындағы № 21-65 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 175-19 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.
- Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Лауазымы

Аты-жөні

О ПОНИЖЕНИИ РАЗМЕРА СТАВКИ НАЛОГОВ ПРИ ПРИМЕНЕНИИ СПЕЦИАЛЬНОГО НАЛОГОВОГО РЕЖИМА НА ОСНОВЕ УПРОЩЕННОЙ ДЕКЛАРАЦИИ В ЕСКЕЛЬДИНСКОМ РАЙОНЕ

В соответствии со статьей 726 Налогового кодекса Республика Казахстан и статьей 6 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», Ескельдинский районный маслихат РЕШИЛ:

- Понизить ставку специального налогового режима в размере процента на объект налогообложения с 4 (четыре) процентов до 3 (три) процентов на основе упрощенной декларации исчисления корпоративного или индивидуального подоходного налога, за исключением налогов, удерживаемых у источника выплаты в Ескельдинском районе.
- Признать утратившим силу решение Ескельдинского районного маслихата от 19 марта 2024 года № 21-65 «О понижении размера ставки налогов при применении специального налогового режима розничного налога в Ескельдинском районе (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 175-19).
- Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2026 года и подлежит официальному опубликованию.

Должность

ФИО

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДА ОҢАЙТЫЛҒАН ДЕКЛАРАЦИЯ НЕГІЗІНДЕ АРНАУЛЫ САЛЫҚ РЕЖИМІН ҚОЛДАУ КЕЗІНДЕ САЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕСІНІҢ МӨЛШЕРІН ТӨМЕНДЕТУ ТУРАЛЫ

1	НҚА жобасының атауы (НҚА түрін көрсете отырып)	«Ескелді ауданында оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы»
2	Әзірлеуші мемлекеттік орган	«Ескелді ауданының кәсіпкерлік бөлімі» ММ
3	НҚА жобасын әзірлеу үшін негіздер (тиісті НҚА немесе тапсырмаға сілтеме жасай отырып (бар болса))	Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 18 шілдедегі № 214-VIII ҚР «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің 726-бабына сәйкес
4	НҚА жобасының қысқаша мазмұны, негізгі ережелердің сипаттамасы	Арнаулы салық режимін оңайлатылған декларация негізінде қолданған кезде, салық төлеуші салық салу объектісіне есепті салық кезеңі үшін өз бетінше мөлшерлемені қолдану арқылы есептейтін, төлем көзінен ұсталған салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесі Ескелді ауданы бойынша 4 (төрт) пайыздан 3 (үш) пайызға төмендетілсін.
5	Күтілетін нәтижелердің нақты мақсаттары мен мерзімдері	Мақсаты: кәсіпкерлік субъектілері үшін салық жүктемесін азайту; Мерзімдері: Осы шешім 2026 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.
6	НҚА жобасы қабылданған жағдайда болжанатын әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және (немесе) өзге де салдар	Жобаны қабылдау теріс әлеуметтік және / немесе экономикалық салдарға әкелмейді.

«Ескелді ауданының кәсіпкерлік бөлімі» ММ

Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 18 шілдедегі № 214-VIII ҚР «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің 726-бабына сәйкес

Арнаулы салық режимін оңайлатылған декларация негізінде қолданған кезде, салық төлеуші салық салу объектісіне есепті салық кезеңі үшін өз бетінше мөлшерлемені қолдану арқылы есептейтін, төлем көзінен ұсталған салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесі Ескелді ауданы бойынша 4 (төрт) пайыздан 3 (үш) пайызға төмендетілсін.

О ПОНИЖЕНИИ РАЗМЕРА СТАВКИ НАЛОГОВ ПРИ ПРИМЕНЕНИИ СПЕЦИАЛЬНОГО НАЛОГОВОГО РЕЖИМА НА ОСНОВЕ УПРОЩЕННОЙ ДЕКЛАРАЦИИ В ЕСКЕЛЬДИНСКОМ РАЙОНЕ

1	Наименование проекта НПА (с указанием вида НПА)	«О понижении размера ставки налогов при применении специального налогового режима на основе упрощенной декларации в Ескельдинском районе»
2	Государственный орган-работчик	ГУ «Отдел предпринимательства Ескельдинского района»
3	Основания для разработки проекта НПА (со ссылкой на соответствующий НПА или поручение (при наличии))	В соответствии со статьей 726 Кодекса Республики Казахстан от 18 июля 2025 года № 214-VIII «О налогах и других обязательных платежах в бюджет»
4	Краткое содержание проекта НПА, описание основных положений	Понизить размер ставки исчисления корпоративного или индивидуального подоходного налога, за исключением налогов, удерживаемых у источника выплаты, при применении специального налогового режима на основе упрощенной декларации производится налогоплательщиком самостоятельно путем применения к объекту налогообложения за отчетный налоговый период ставки в Ескельдинском районе с 4 (четыре) процентов на 3 (три) процента.
5	Конкретные цели и сроки ожидаемых результатов	Цель: снижение налоговой нагрузки для субъектов предпринимательства; Сроки: Настоящие решение вводится в действие с 1 января 2026 года и подлежит официальному опубликованию.
6	Предполагаемые социально-экономические, правовые и (или) иные последствия в случае принятия проекта НПА	Принятие проекта не повлечет отрицательных социальных и/или экономических последствий.

ГУ «Отдел предпринимательства Ескельдинского района»

В соответствии со статьей 726 Кодекса Республики Казахстан от 18 июля 2025 года № 214-VIII «О налогах и других обязательных платежах в бюджет»Понизить размер ставки исчисления корпоративного или индивидуального подоходного налога, за исключением налогов, удерживаемых у источника выплаты, при применении специального налогового режима на основе упрощенной декларации производится налогоплательщиком самостоятельно путем применения к объекту налогообложения за отчетный налоговый период ставки в Ескельдинском районе с 4 (четыре) процентов на 3 (три) процента.

ЕМХАНАҒА ЖҮГІНГЕНДЕ НЕЕНІ ЕСКЕРГЕН ЖӨН?

«Мен емханаға бармаймын және МӘМС-ті пайдаланбаймын», «Учаскемді де, дәрігерімді де білмеймін, олар мені іздемейді де».

Өкінішке орай кейбір азаматтардан осындай пікірлерді естіп жатамыз. Енді біреулер тегін медициналық көмекті алу қиын, оған көп уақыт пен күш кетеді деп есептейді. Осыған орай, емханаға не үшін бару керек және МӘМС жүйесінің мүмкіндіктерін қалай пайдалануға болатынын зерттеп көріңіз.

Емханада тіркелген азаматтарға алғашқы медициналық-санитарлық көмек (МСАК) көрсетіледі. Бұл – медициналық көмектің базалық деңгейі. МСАК тіркелген тұрғындарды есепке алады, профилактикалық тексерулер өткізіп, флюорографияға түсіреді. Ауруларды ерте сатысында анықтауға, созылмалы науқастардың жағдайын бақылауға, асқынулар мен шұғыл госпитализацияны болдырмауға, жалпы халық денсаулығын тұрақты бақылауда ұстауға көмектеседі.

Сайып келгенде, МСАК – сіздің учаскелік дәрігеріңіз және сіз тіркелген емханаңыз. Кез келген алғашқы шағымдар пайда болған кезде профилактикалық мақсатта немесе бақылау үшін сол жерге жүгінесіз. Сондықтан өзіңіздің қай емханаға тіркелгеніңізді және дәрігеріңіздің кім екенін білу маңызды.

Учаскелік дәрігерге бару үшін МӘМС жүйесінде сақтандырылу шарт па?

Жоқ. Пациенттер учаскелік терапевтке немесе жалпы тәжірибе дәрігеріне «сақтандырылған» мәртебесінің бар-жоғына қарамастан бара алады.

Бірақ кейін МӘМС пакеті аясында бейінді мамандардың кеңесі немесе медициналық қызметтер қажет болса, «сақтандырылған» мәртебесін алу керек.

Бейінді мамандарға жазылу үшін неге учаскелік дәрігерге бару керек? Бейінді мамандарға жазылу терапевт арқылы жүргізіледі. Себебі ол бастапқы тексеру жүргізіп, алдын ала диагноз қояды және өрі қарайғы тексерудің қажеттілігін анықтайды. Пациентті қай маманға жолдау керектігін шешіп, қажетті талдаулар мен зерттеулерге жолдама береді.

Мұндай тәсіл өздігінен емделудің алдын алып, негізсіз жүгінулерді азайтады және пациенттердің ағынын оңтайландырады. Осылайша, бейінді мамандар өз көмегіне шын мұқтаж жандарға көбірек уақыт бөле алады.

Анализдер мен диагностикаға жолдаманы қалай алады? Кез келген кеңес беру және диагностикалық қызметті емдеуші дәрігер тағайындайды. Ол пациенттің жағдайын, шағымдарын және белгілерін қарайды. Егер тиісті көрсеткіштер болса, дәрігер зертханалық және өзге де зерттеулерге жолдама береді. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде қызмет алу үшін пациенттің «сақтандырылған» мәртебесі болуы шарт.

Медициналық қызметкерлер профилактика, диагностика, емдеу және оңалтудың ең тиімді әдістерін таңдау кезінде клиникалық хаттамаларды басшылыққа алады. Талдаулар мен диагностикалық зерттеулерге жолдаманы тіркелген жеріңіздегі дәрігерден алуға болады.

Әдетте бұл – терапевт, ол көрсеткіштер бойынша немесе профилактикалық тексеру аясында зерттеу тағайындайды.

Жеке клиникада МӘМС есебінен операция жасауға болатыны айтылды. Оған жолдаманы қалай аламын?

Ауруханаға жатқызу көрсеткіштері пациенттің жағдайына байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Бірақ әдетте жедел ауырсынулар, созылмалы аурулардың асқынуы, жарақаттар немесе стационарлық бақылауды қажет ететін өзге жағдайлар жатады (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы № ҚР ДСМ-27 бұйрығы: «ҚР стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсету стандарты туралы»).

Ауруханаға жату үшін не істеу керек? -Тіркелген емханадағы дәрігерге жүгіну. Егер көрсеткіштер болса, маман тексеру жүргізіп, диагноз қою үшін қажетті зерттеулерді толық көлемде тағайындайды;

- Емхана жағдайында қажетті минималды тексеруден өту;
- Ауруханаға жатуға жолдама алу. Медициналық ұйымды өз дәрігеріңізбен бірге таңдай аласыз;
-Ауруханаға жату талонын алу.

Ол арқылы «Емдеуге жатқызу бюросы» сайтында өз кезеңіңізді бақылауға болады.

Жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету (ЖТМК) үшін тіркелген медициналық ұйым профильдік маманның қорытындысына сүйене отырып, пациенттің құжаттарын ЖТМК жөніндегі комиссияға жолдайды.

Пациент тіркелген медициналық ұйым оған тиісті бейін бойынша осы қызметтерді көрсететін өзге ұйымды таңдау мүмкіндігі бар екенін хабарлауы тиіс.

ЖТМК жөніндегі комиссия жергілікті денсаулық сақтау басқармасының басшысы бұйрығымен жасалады және пациентті тиісті медициналық ұйымға жолдау мәселесін шешеді. Тегін медициналық көмектің кепілді көлемі (ТМККК) тізбесіне кірмейтін мамандандырылған медициналық көмек МӘМС жүйесінде немесе ақылы негізде көрсетіледі. Мамандандырылған көмектің көлемі, соның ішінде зертханалық және диагностикалық зерттеу әдістері, клиникалық хаттамаларға сәйкес айқындалады (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-238/2020 бұйрығына сәйкес).

Егер маған жолдама беруден бас тартса не істеу керек? Егер пациенттің қандай да бір медициналық қызметке көрсеткіштері бола тұра дәрігер жолдама немесе көмек беруден бас тартса емханалар мен ауруханаларда құрылған Пациенттерді қолдау және ішкі сараптама қызметіне жүгіне алады. Бұл қызмет «осында және қазір» қағидаты бойынша мәселелерді шешуге арналған.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры»
КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиаль

98% УСЛУГ, ОКАЗАННЫХ ЕНПФ С НАЧАЛА ГОДА, ПРОВЕДЕНО В ЦИФРОВОМ ФОРМАТЕ

Единый накопительный пенсионный фонд (Фонд/ЕНПФ) предоставляет различные услуги казахстанцам в цифровом формате и продолжает их развивать, адаптируясь к потребностям клиентов. Доступность услуг, оказываемых Фондом на сайте и в мобильном приложении в режиме 24/7, является важным условием роста интереса вкладчиков.

За период с 01.01.2025 г. по 30.09.2025 г. Фондом оказано населению 33,7 млн услуг. Из их общего количества 20 млн проведено в электронном формате, в автоматическом –12,6 млн. Таким образом, доля услуг в автоматическом, электронном и удаленном форматах составила 97,9 % от общего количества. В очном формате было оказано 724,4 тыс. услуг, в том числе непосредственно в офисах Фонда 708,9 тыс.

Напомним, что все пенсионные счета открываются в ЕНПФ автоматически при поступлении первого взноса. Также автоматически начисляются целевые требования гражданам Республики Казахстан, не достигшим 18-ти лет, и открываются целевые накопительные счета (ЦНС) для учета и выплаты целевых накоплений совершеннолетним получателям целевых накоплений в рамках программы «Нацфонд – детям».

Всего за отчетный период общее количество открытых в автоматическом режиме индивидуальных пенсионных счетов (ИПС) по всем видам индивидуальных пенсионных взносов, а также условных пенсионных счетов (УПС) для учета обязательных пенсионных взносов работодателя (ОПВР), перечисленных работодателем за счет собственных средств, и целевых накопительных счетов (ЦНС, открываемых для учета и выплаты целевых накоплений получателям целевых накоплений в рамках программы «Нацфонд-детям») составило 1,2 млн единиц.

По-прежнему самой популярной услугой является получение выписки с ИПС, УПС и ЦНС. С начала года по всем видам счетов было выдано 21,7 млн выписок, из которых 18,3 млн - в электронном виде и 2,9 млн выписок - в автоматическом режиме. ЕНПФ напоминает, что получение информации о состоянии счетов через личный кабинет - это самый удобный, надежный и оперативный способ контроля своих пенсионных накоплений. Сервис работает в режиме онлайн круглосуточно (24/7), что позволяет получать актуальную информацию в любое время и из любой точки мира. Информация о состоянии счетов доступна не только через мобильное приложение ЕНПФ и личный кабинет на сайте ЕНПФ, но и через портал egov.kz или мобильное приложение электронного правительства. Это дает дополнительные удобства для пользователей, предпочитающих взаимодействовать с государственными сервисами через единые платформы. ЕНПФ отмечает, что, начиная с 2025 года ежегодная автоматическая рассылка выписок по почте прекратилась. Вместе с тем, получение информации о состоянии пенсионных накоплений по почте по-прежнему возможно при подаче соответствующего запроса на адрес ЕНПФ.

Кроме получения выписки в личном кабинете на сайте и в мобильном приложении вкладчики (получатели) имеют возможность воспользоваться такими услугами, как внесение изменений и дополнений в свои реквизиты, получение справки о наличии счетов, подача заявления о назначении пенсионных выплат в связи с установлением инвалидности 1 или 2 группы бессрочно или в связи с достижением пятидесятилетнего возраста за счет добровольных пенсионных взносов, отслеживание статуса заявления на выплату, перевод части пенсионных накоплений управляющим инвестиционным портфелем (УИП), прогнозный расчет будущей пенсии с помощью пенсионного калькулятора и т.д.. К примеру, с начала года было принято 56,4 тыс. заявлений вкладчиков на перевод части пенсионных накоплений в доверительное управление УИП, из них 53,9 тысяч – в электронном формате.

На изменение реквизитов за 9 месяцев с начала 2025 г. было принято 104,2 тыс. заявлений, из них 98,3 тыс. – в офисах Фонда.

Обращаясь за той или иной услугой к специалистам ЕНПФ, вкладчики, как правило, получают дополнительные консультации и советы по формированию сбережений. В рамках информационно-разъяснительной работы проведено 38,3 тыс. выездных презентаций, на которых присутствовало 781,4 тыс. человек. Количество материалов, размещенных по сообщениям ЕНПФ в средствах массовой информации, составило 32,1 тыс.

Количество поступивших обращений вкладчиков и получателей по каналам обратной связи (Call-центр, консультации через веб-сайт, мессенджеры, социальные сети и другие каналы связи) составило 395,2 тыс.

Напомним, что любая компания может подать заявку на проведение презентации и консультаций по вопросам накопительной пенсионной системы с выездом в офис, для чего нужно просто позвонить в call-центр по номеру 1418 или обратиться через сайт или мобильное приложение Фонда.

Консультационные услуги ЕНПФ можно получить посредством мессенджеров (чат-бота в WhatsApp и Viber по номеру +7 777 000 14 18), call-центра по номеру 1418 (звонок по Казахстану бесплатный), на корпоративном сайте enpf.kz, а также на официальных страницах ЕНПФ в социальных сетях Instagram, Facebook, ВКонтакте, Telegram, Одноклассники.

ОБЪЕМ ПЕНСИОННЫХ НАКОПЛЕНИЙ КАЗАХСТАНЦЕВ ПРЕВЫСИЛ 25,73 ТРЛН ТЕНГЕ

По состоянию на 1 октября 2025 года пенсионные накопления казахстанцев превысили 25,73 трлн тенге, показав рост за 12 месяцев на 4,56 трлн тенге или на 21,5%.

Пенсионные накопления, сформированные за счет обязательных пенсионных взносов (ОПВ), составили на 1 октября 2025 года 24,40 трлн тенге, увеличившись за 12 месяцев на 19,8 %. Сумма пенсионных накоплений за счет обязательных профессиональных пенсионных взносов (ОППВ) – 726,94 млрд тенге (рост за 12 месяцев – 15,6%). Максимальный прирост за истекшие 12 месяцев (32,8%) показали накопления по добровольным пенсионным взносам (ДПВ), составившие 9,47 млрд тенге.

На 01.10.2025 г. сумма пенсионных накоплений за счет обязательных пенсионных взносов работодателя (ОПВР), поступающих с 1 января 2024 года на пенсионные счета вкладчиков (получателей), составила 596,18 млрд тенге.

Поступления

Прирост накоплений обеспечивается за счет пенсионных взносов и инвестиционного дохода.

Пенсионные взносы на счета вкладчиков за 9 месяцев 2025 года составили 2,37 трлн тенге (рост на 17,8% или на 356,75 млрд тенге по сравнению с показателем прошлого года).

На индивидуальные пенсионные счета (ИПС) по учету ОПВ с начала года на 01.10.2025 г. поступило 1937,66 млрд тенге (по сравнению с аналогичным периодом прошлого года объем ОПВ увеличился на 9,97%), ОППВ – 100,69 млрд тенге (рост на 19,1%), ДПВ – 1,82 млрд тенге. Взносы за счет ОПВР за 9 месяцев 2025 г. составили 326,02 млрд тенге.

Выплаты и переводы

Выплаты по всем видам взносов и переводов в страховые организации из ЕНПФ за 9 месяцев 2025 года составили 1368,27 млрд тенге, что превышает объем выплат прошлогодного показателя в 1,6 раз или на 508,31 млрд тенге.

Большую часть выплат составляют единовременные пенсионные выплаты (ЕПВ) на улучшение жилищных условий и лечение – 823,82 млрд тенге.

Выплаты по возрасту на 01.10.2025 г. увеличились за 12 месяцев на 23,43% и составили 181,81 млрд тенге. Отметим, что сумма средней ежемесячной выплаты по графику из ЕНПФ в связи с достижением пенсионного возраста составила 35 691 тенге.

С начала года по 01.10.2025 г. также осуществлены выплаты по наследству – 50,49 млрд тенге, выплаты в связи с выездом на ПМЖ за пределы РК – 32,60 млрд тенге, выплаты лицам с инвалидностью – 2,33 млрд тенге, выплаты на погребение – 8,03 млрд тенге. В страховые организации переведена сумма в размере 269,19 млрд тенге.

Количество индивидуальных пенсионных счетов (ИПС)

Общее количество пенсионных счетов в ЕНПФ на 1 октября 2025 года составило 17,97 млн единиц (рост за 12 месяцев - 1,17 млн единиц или 7,0%). При этом количество ИПС вкладчиков (получателей) в ЕНПФ на 1 октября 2025 г. составило 12,66 млн единиц, из них: 11,25 млн - по ОПВ, 752,27 тыс. - по ОППВ, 460,13 тыс. - по ДПВ. Отметим, что в соответствии с международной практикой ИПС считается активным, если на него хотя бы один раз в течение года поступил взнос. За 9 месяцев 2025 года ОПВ поступали на 6,91 млн ИПС, что составляет 68,8% от 10,04 млн ИПС, на которые могли быть произведены данные взносы и включающие счета, открытые до 1 января 2025 года, а также новые счета, открытые в течение отчетного периода. В это число не входят счета получателей, выехавших на ПМЖ за пределы страны, но не обратившихся за накоплениями, умерших вкладчиков, чьи наследники не оформили наследование пенсионных накоплений, военнослужащих, переведенных с 2017 года на полное государственное пенсионное обеспечение, и других категорий вкладчиков (получателей), на счета которых в соответствии с казахстанским законодательством взносы не должны поступать.

Количество условных пенсионных счетов в ЕНПФ, на которых учитываются сведения о поступивших ОПВР в соответствии с законодательством Республики Казахстан, составило 5,32 млн единиц.

Вся актуальная информация о статистических данных по пенсионным активам размещена на сайте enpf.kz в разделе «Статистика и аналитика».

ЕНПФ создан 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ «ГНПФ». Учредителем и акционером ЕНПФ является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан. В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных пенсионных взносов работодателя, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, а также зачисление и учет добровольных пенсионных взносов, сформированных за счет не востребованной суммы гарантийного возмещения по гарантируемому депозиту, перечисленной организацией, осуществляющей обязательное гарантирование депозитов, в соответствии с Законом Республики Казахстан «Об обязательном гарантировании депозитов, размещенных в банках второго уровня Республики Казахстан», обеспечивает осуществление пенсионных выплат. Также Фонд осуществляет учет целевых активов и целевых требований, учет и зачисление целевых накоплений (ЦН) на целевые накопительные счета, выплат ЦН их получателю на банковские счета, учет возвратов ЦН в порядке, определенном Правительством Республики Казахстан в рамках программы «Национальный фонд – детям». (Подробнее на www.enpf.kz).

ЖАНАШЫРЫМ ӘСЕЛІМ



Жанашырым Әселім
Бар байлығым өзіңсің
Қалқан болар сөзімсің
Бақытты бол
Әсем бол
Намысты бол
Қалдырмағың уятқа
Әкең менен шешеңді
Денсаулығың зор болсын
Батыр қызы қазақтың
Зылиқаша батыр бол
Мың адамға татыр бол
Басыңды көтер биікке
Жамандарға тиіспе
Еңбек етіп еліңе
Тер төгіп ет жеріңе
Елім деп өт өлгенше
100-ге келіп жеткенше
Дәрігер бол ғалым бол
Заңгер бол, әкім бол
Бақытты бол, ана бол
Аналардың анасы
Бибі Фатимадай ұлы ана
Қолдап өтсін өзіңді
Дәрігер бол, емші бол
Саған берер батам сол
Оразхан Нұғманов

«БЖЗҚ» АҚ ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ КӨРСЕТКЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ 98% ЦИФРЛЫҚ ФОРМАТТА ІСКЕ АСЫРЫЛҒАН

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (Қор/БЖЗҚ) қазақстандықтарға цифрлық форматта түрлі қызметтер көрсетеді және оларды клиенттердің қажеттіліктеріне бейімделе отырып дамытуды жалғастыруда. Қордың сайтта және мобильді қосымшада 24/7 режимінде көрсететін қызметтерінің қолжетімділігі салымшылардың қызығушылығын арттырудың маңызды шарты болып табылады.

01.01.2025ж. мен 30.09.2025ж. аралығында халыққа шамамен 33,7 млн қызмет көрсетілді. Көрсетілген қызметтердің жалпы санының 20 млн-ы электрондық форматта, 12,6 млн автоматты түрде жүргізілді. Осылайша, автоматты, электрондық және қашықтықтан көрсетілген қызметтердің үлесі жалпы санның 97,9%-ын құрады. Қор қызметкерлері салымшыларға 724,4 мың қызметті жүзбе-жүз көрсетті, оның ішінде 708,9 мың қызмет тікелей Қордың кеңселерінде жүзеге асырылды.

Естеріңізге сала кетейік, барлық зейнетақы шоттары БЖЗҚ-ға бірінші жарна түскен кезде автоматты түрде ашылады. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының 18 жасқа толмаған азаматтарына нысаналы талаптар автоматты түрде есептеліп, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы шеңберінде нысаналы жинақтарды алушыларға нысаналы жинақтарды есептеу және есепке алу үшін нысаналы жинақтау шоттары ашылады.

Есепті кезеңде шартты зейнетақы шоттарын (жұмыс берушінің ЖМЗЖ аударуы нәтижесінде ашылатын ШЗШ) және нысаналы жинақтау шоттарын («Ұлттық қор — балаларға» бағдарламасы аясында ашылатын НЖШ) қоса алғанда, зейнетақы жарналарының барлық түрлері бойынша автоматты режимде ашылған жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) жалпы саны 1,2 млн жетті.

Жеке зейнетақы шотынан, шартты зейнетақы шотынан (ШЗШ), сондай-ақ нысаналы жинақтау шотынан (НЖШ) үзінді көшірме алу бұрынғысынан ең танымал қызмет санатында. Жыл басынан бері ЖЗШ, ШЗШ, НЖШ-дан 21,7 млн үзінді көшірме берілді. Оның 18,3 млн-ы – электрондық, ал 2,9 млн үзінді көшірме автоматты түрде рәсімделді. Шоттың жай-күйіне қатысты ақпаратты жеке кабинет арқылы алу – зейнетақы жинақтарын қадағалаудың ең ыңғайлы, сенімді және жедел тәсілі. Қызмет тәулік бойы (24/7) онлайн режимде жұмыс істейді, бұл ақпаратты кез келген уақытта және әлемнің кез келген нүктесінен алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зейнетақы шоттары туралы ақпаратты БЖЗҚ сайты арқылы ғана емес, egov.kz электрондық үкімет порталы немесе оның мобильді қосымшасы арқылы да алуға болады. Бұл мемлекеттік қызметтерді бірыңғай платформалар арқылы алуға дағдыланған азаматтарға өте қолайлы. БЖЗҚ 2025 жылдан бастап жыл сайынғы үзінді көшірмелерді пошта арқылы автоматты түрде жіберу тоқтатылғанын ескертеді. Бірақ, зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты «БЖЗҚ» АҚ атына тиісті сұранысты жіберген пошта арқылы алу мүмкіндігі сақталады.

Салымшылардың (алушылардың) Қор сайтындағы және ұялы қосымшасындағы Жеке кабинеттен үзінді көшірме алудан басқа өз деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, шотының бар екендігі туралы анықтама алу, 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің мерзімсіз уақытқа белгіленуіне байланысты немесе ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру сияқты қызметтерді пайдалануға мүмкіндіктері бар. Сондай-ақ, зейнетақы жарналарын төлеу туралы өтініштің мәртебесін қадағалау, инвестициялық портфельді басқарушыға (ИПБ) жинақтардың бір бөлігін аудару, зейнетақы калькуляторының көмегімен болашақ зейнетақыны болжауды есептеу және т.б. қызметтер қолжетімді. Мәселен, жыл басынан бері салымшылардан жинағының бір бөлігін инвестициялық портфельді басқарушыларға аудару туралы 56,4 мың өтініш қабылданып, оның 53,9 мыңы электрондық нұсқада іске асырылған. 2025 жылдың басынан бастап 9 ай ішінде деректемелерді өзгертуге 104,2 мың өтініш қабылданды. Оның 98,3 мыңы Қордың кеңселерінде ұсынылды.

БЖЗҚ мамандарына қандай да бір қызмет түрі бойынша жүгіне отырып, салымшылар, әдетте, жинақтарды қалыптастыруға қатысты қосымша кеңестер ала алады. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары аясында 38,3 мың көшпелі таныстырылым өткізіліп, оған 781,4 мың адам қатысты. Бұқаралық ақпарат құралдарында БЖЗҚ хабарламалары бойынша 32,1 мың материал жарияланды.

Салымшылар мен алушылардың кері байланыс (Call-орталық, веб-сайт арқылы кеңес, мессенджерлер, әлеуметтік желілер және басқа байланыс түрлері) арналары бойынша түскен өтініштерінің саны – 395,2 мың.

Естеріңізге сала кетейік, кез келген компания Қор кеңсесіне барып жинақтаушы зейнетақы жүйесінің мәселелері бойынша таныстырылым мен кеңестер өткізуге өтінім бере алады. Ол үшін 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығына қоңырау шалып, Қор сайты немесе ұялы қосымшасы арқылы хабарласу қажет.

БЖЗҚ-ның кеңес беру қызметтерін мессенджерлер (+7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber чат-боттары) арқылы, 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығынан (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін), enpf.kz корпоративтік сайтынан, сондай-ақ, Instagram, Facebook, ВКонтакте, Telegram, Одноклассники сияқты әлеуметтік желілердегі БЖЗҚ-ның ресми парақшаларынан алуға болады.

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ – АУЫЛ ЖАСТАРЫНЫҢ ТАҢДАУЫ



2025 жылдың 06 қараша күні Ақын Сара ауылында тұрғындар арасында баскетболдан кезекті спорттық жарыс ұйымдастырылды. Іс-шараның негізгі мақсаты – ауыл жастары мен тұрғындары арасында салауатты өмір салтын насихаттау, бұқаралық спортты дамыту және спортқа деген қызығушылықты арттыру болып табылады.

Жарыс барысында қатысушылар жоғары деңгейдегі ойын көрсете отырып, тартысты бәсекеге түсті. Командалар арасындағы өзара ынтымақ пен бірлік, шеберлік пен жылдамдық көрермендерге ерекше көңіл-күй сыйлады.

Жарыс нәтижесі бойынша:
1-орын – Ақын Сара әкімдігі

2-орын – Мектеп оқушылары
3-орын – Мектеп мұғалімдері

Жеңімпаз атанған спортшылар “Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы” КММ-сі Ескелді аудандық филиалының атынан арнайы медальдармен және грамоталармен марапатталды.

Аталған спорттық іс-шара ауыл тұрғындарының белсенділігін арттырып, спортқа деген қызығушылығын нығайтты. Ұйымдастырушылар алдағы уақытта да осындай жарыстар тұрақты түрде өткізілетінін атап өтті.

Г.Омарова,

«Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының жетекшісі

«ЖЕҢІС» САЯБАҒЫНЫҢ АШЫЛУЫ

2025 жылдың 12 қараша күні Қарабұлақ ауылында жаңадан бой көтерген “Жеңіс” саябағының ресми ашылу салтанаты өтті.

Салтанатты шараға аудан әкімі Елдос Ахметов пен аудан ақсақалдар алқасының төрағасы Қалабек Тастанбаев қатысып, лентаны қиып, саябақтың ашылғанын ресми түрде жариялады.

Іс-шара аясында ауыл тұрғындары арасында спорттың бірнеше түрінен жарыстар ұйымдастырылды. Атап айтқанда: баскетбол, шағын футбол, қол күрес, үстел теннисі, арқан тарту, шахмат, тоғызқұмалақ, кермеге тартылу, дойбы және гір тасын көтеру сынды спорт түрлері бойынша сайыстар өтті.

Жарыс қорытындысы бойынша жеңіске жеткен спортшылар “Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы” КММ-сі Ескелді аудандық филиалының атынан медальдар мен грамоталармен, сондай-ақ Ескелді ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі атынан бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Осындай игі шаралар аудан тұрғындарының спортқа деген қызығушылығын арттырып, салауатты өмір салтын насихаттауға зор үлес қосуда.

Г.Омарова,

«Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының жетекшісі



ҚҰРМЕТТІ ТӨЛЕҢГІТ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2020 жылдың 31 қаңтары №39/НҚ бұйрығымен бекітілген мемлекеттік қызметтер тізіліміне сәйкес, «Ескелді ауданы Төлеңгіт ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сі төмендегідей мемлекеттік қызмет түрлерін көрсетеді:

1. Жер учаскесін алу үшін кезекке қою;
 2. Сауда - саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу;
 3. Елді мекендер шегінде объектілер салу үшін жер учаскелерін беру;
 4. Жер учаскелерінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру.
 5. «Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату»
- Аталған мемлекеттік қызметтер электрондық лицензиялау порталы арқылы көрсетіледі.
- Толық ақпаратты мына мекен жайымыздан біле аласыздар: Жетісу ауылы Досқожанова көшесі №26, телефон: 8(72836)25-1-38, электронды пошта: akimat.zhetisu@mail.ru.

«Төлеңгіт ауылдық округінің әкімінің аппараты» ММ-сі

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ТУЛЕНГУТСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА!

Согласно реестра государственных услуг от 31 января 2020 года №39/НҚ утвержденный приказом и.о. министра цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан. Аппаратом акима Туленгутского сельского округа оказываются следующие виды государственных услуг:

1. Постановка на очередь на получение земельного участка;
 2. Приобретение прав на земельные участки, которые находятся в государственной собственности, не требующее проведения торгов (конкурсов, аукционов);
 3. Предоставление земельного участка для строительства объекта в черте населенного пункта;
 4. Выдача решения на изменение целевого назначения земельного участка.
 5. «Продажа земельного участка в частную собственность одновременно либо рассрочку»
- Данные государственные услуги оказываются через портал Электронного лицензирования.
- Дополнительную информацию можно узнать: село Жетысу, улица Досқожанова №26, телефон: (72836)25-1-38, электронды пошта: akimat.zhetisu@mail.ru.

ГУ «Аппарат акима Туленгутского сельского округа»

HABARLANDYRU

Сіздерге eGov.kz веб-порталы арқылы ЦОН-ға бармай-ақ бірқатар анықтамаларды электронды түрде алуға болатынын хабарлаймыз.

- Соттылығының болуы немесе болмауы туралы анықтама
- Нарколоттың динамикалық бақылауында болмауы туралы анықтама
- Мұрағаттық анықтамалар, мұрағат құжаттарының көшірмелері немесе үзінділері
- Психикалық денсаулық орталығынан мәліметтер (психиатрия)
- Құқықтық статистика және арнайы есепке алу порталының анықтамалары
- Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар туралы анықтама
- Жылжымайтын мүліктің бар/жоқтығы туралы анықтама
- Фтизиопульмонология орталығынан мәліметтер (фтизиатрия)
- Банк несиелері мен микрокредиттерді алудан ерікті түрде бас тарту
- Несие тарихы (Бірінші несие бюросы)
- Медициналық мекемеге тіркелу
- Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтер
- БЖЗҚ-дағы қаражат қозғалысы туралы ақпарат
- Жұмыссыз ретінде тіркелу
- Сыйбалас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер

Сондай-ақ, аталған анықтамаларды азаматтар аудандық/қалалық әкімдіктердің, ауылдық/қалалық округтер әкімдіктерінің, аудандық бөлімдердің (қызмет көрсетуші ұйымдар), мектептердің, кітапханалардың, ауруханалардың, балабақшалардың ғимараттарында орналасқан «Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштарынан» ала алады.

«Ескелді аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-сі, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің тапсырмасына сәйкес 2025 жылғы 1 қазанда «Е-Собес» ААЖ-да модификацияланған функционалды өнеркәсіптік ортаға іске қосу туралы хабарлайды. Сондай-ақ, өзгертілген функционалдағы әлеуметтік көмектің тағайындалған мөлшерін есептеу және төлемді тоқтату тетігі 2023 жылғы 30 маусымдағы №523 үлгілік қағидалар жобасына енгізілетін өзгерістерге сәйкес әзірленгенін хабарлаймыз

- өтініш берілген күннен бастап әлеуметтік көмек тағайындау;
- қағидалардың 23-тармағының 4), 5) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша мән-жайлар басталған айдан бастап әлеуметтік көмек төлеуді тоқтату.

ГУ «Ескельдинский районный отдел занятости и социальных программ», согласно поручению Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан, запущен в промодифицированную среду модифицированного функционала в АИС «Е-Собес» («Услуги МИО») – 1 октября 2025 года. Также сообщаем, что механизм расчета назначенного размера социальной помощи и прекращения выплаты в модифицированном функционале разработан в соответствии с вносимыми изменениями в проект Типовых правил от 30 июня 2023 года № 523

- назначение социальной помощи с месяца обращения, независимо от даты обращения;
- прекращение выплаты социальной помощи с месяца наступления обстоятельств по основаниям, указанным в подпунктах 4) и 5) пункта 23 Правил.

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ ҚАРАТАЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!
«Қаратал ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде «өзіне - өзі қызмет көрсету бұрышында» орналасқан компьютерден, өзіңіздің электронды кілтіңізбен, бір сәтте керекті анықтамаларыңызды ала аласыз. Электронды порталмен жұмыс жасау кезінде қиындықтар туындайтын болса, әкімшілік қызметкерлерінен немесе 1414 номеріне хабарласып кеңес алуларыңызға болады. «Электрондық үкімет» «egov.kz», «Электрондық лицензия» «e.license», порталдарына кіріп, электронды цифрлы қолтаңбамен тіркеліп, келесі қызметтерді онлайн түрде алуға болады: қашықтықтан ЭЦҚ ашу (электронды цифрлы қолтаңба), мекен-жай бойынша тіркеуге тұру; тіркеуден шығару; емханаға тіркелу; әскери есеп және қауіпсіздік құжаттары, некеге тұру, жүргізуші куәлігінің уақытын ұзарту, қару жараққа рұқсат қағазына өтініш беру, жеке басында мүліктің тіркелуі, тіркелмеуі, соттылығы бар, жоқтығы туралы және ден саулығына қатысты анықтамалар, мүмкіншілігі шектеулі азаматтар үй кезегіне тұру, баллаларға жәрдем ақы тағайындауға өтініш білдіру, зейнет ақы жинақтары туралы және тағы басқа анықтамаларды электронды, жылдам және тегін алуға болады. Толық ақпаратты мына мекен жайымыздан біле аласыздар: Қаратал ауылы Алмабала Жетпісбайқызы көшесі №59, телефон: 8(72836)50140, электронды пошта: gukaratkz@mail.ru.

ВНИМАНИЮ ЖИТЕЛЕЙ КАРАТАЛЬСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА
ЕСКЕЛЬДИНСКОГО РАЙОНА!

В Государственном учреждении "Аппарата акима Каратальского сельского округа" имеется "уголок самообслуживания", где при помощи электронно цифрового ключа можете получить необходимые справки. При возникновении трудностей во время работы с электронным порталом можете получить консультацию у государственных служащих, либо необходимо связаться с оператором по номеру 1414. Дополнительную информацию можно узнать: село Каратал, улица Алмабала Жетписбайқызы №59, телефон: 8(72836)50140, электронный адрес gukaratkz@mail.ru.

Құрметті Қаратал ауылдық округінің тұрғындары!
Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2020 жылдың 31 қаңтары №39/НҚ бұйрығымен бекітілген мемлекеттік қызметтер тізіліміне сәйкес, «Ескелді ауданы Қаратал ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сі төмендегідей мемлекеттік қызмет түрлерін көрсетеді: Жер учаскесін алу үшін кезекке қою; Жер учаскесін жекеменшікке ақысын бірден немесе бөліп төлеу арқылы сату; Сауда - саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу; Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру; Жер учаскелерінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру. Толық ақпаратты мына мекен жайымыздан біле аласыздар: Қаратал ауылы Алмабала Жетпісбайқызы көшесі 59, телефон: 8(72836)50140, электронды пошта: gukaratkz@mail.ru.

Қаратал ауылдық округі әкімінің аппараты

Уважаемые жители Каратальского сельского округа!
Согласно реестра государственных услуг от 31 января 2020 года №39/НҚ утвержденный приказом и.о. министра цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан. Аппаратом акима Каратальского сельского округа оказываются следующие виды государственных услуг:
Постановка на очередь на получение земельного участка; Продажа земельного участка в частную собственность одновременно либо в рассрочку; Приобретение прав на земельные участки, которые находятся в государственной собственности, не требующее проведения торгов (конкурсов, аукционов); Предоставление земельного участка из земель поселка, села; Выдача решения на изменение целевого назначения земельного участка. Дополнительную информацию можно узнать: село Каратал, улица Алмабала Жетписбайқызы 59, телефон: 8(72836)50140, электронный адрес gukaratkz@mail.ru.

Аппарат акима Каратальского сельского округа

Сарқан қаласында Күмісбек Бұкашев көшесінде № 10 үй сатылады. Моншасы және де 1 бөлмелі времянасы бар 8776333512, 87476873800

Меншік иесі:
«ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС
директор - бас редактор
Инкар Ерболқызы
НҰРСҰЛТАНОВА.
Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru

Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Гамма-принт» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспаханасында басылады. Баспахананың мекен-жайы: 050061, Алматы қаласы, Райымбека көшесі, 369-үй

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Сатпаева көшесі, 67 үй.

Осы шығарылымның таралымы 1900 Тираж 1900 Тапсырыс 1652 Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ